- ☐ D шардың ішіндегі гелий ауаға қарағанда қысымы жоғары

ҚФ8_62

Балауса мен Талғат дуалда отыр. Оларға әсер ететін күш бар ма?



Бір тор көзді белгілеңіз.

☐

Иә

☐

Жоқ

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

ҚФ8_63

Төменде көрсетілгендей әр түрлі температурадағы екі металл куб бірінің үстіне бірі қойылған.




Рисунок 1




Рисунок 2

Қай сурет жылу ағысының дұрыс бағытын көрсетеді?

Бір торкөзді белгілеңіз.

☐

1-сурет


☐

2-сурет

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

ҚФ8_64

Төменде көрсетілгендей, бірдей тікбұрышты ағаш кесектерін жерге үш түрлі әдіспен қоюға болады.



Ағаш кесекті жерге қалай қойғанда, жерге түсетін қысым ең жоғары болады?

Бір торкөзді белгілеңіз.

☐ А әдісі

☐ В әдісі

☐ С әдісі

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

ҚФ8_65

Әлібек найзағай кезінде жарқылдаған оттарды көрді және күн күркірегенін естіді.

Неге ол күн күркірегеннен бұрын жарқылдаған оттарды көрді?

2.8. География

ҚГ8_66

Бір оқушының айтуынша, оның Айдағы салмағы Жердегі салмағына қарағанда кем болады.

Осы пайымдау дұрыс па?

Бір торкөзді белгілеңіз.

☐

Иә


☐

Жоқ


Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

ҚГ8_67

Экватордан солтүстікке немесе оңтүстікке қарай, көптеген жерлерде жыл мезгілдерінің ауысуын түсіндіру үшін, диаграммалардың қайсысын қолдануға болады? Диаграммаларда С - Күннің көзі, З - Жер, ал Л - Ай.



ҚГ8_68




Жоғарыда көрсетілген картаға қараңыз.

Картаға өзеннің ағып жатқан бағытын көрсететін бағдарша сызыңыз.

Неліктен өзеннің осы бағытта ағатынын түсіндіріңіз.

ҚГ8_69

Артезиан бассейнінде жер асты сулары тау жыныстарының қабаттарында орналасады. Төмендегі суретте артезиан бассейнінің бір бөлігі көрсетілген.



А. Адамдар құбырларды тау жыныстарының қабаттарына түсіргенде су құбыр арқылы жоғары қарай ағып, жерге төгіледі.



ҚГ8_69 (жалғасы)

Судың құбыр арқылы жоғары көтерілуіне не себеп болады?

- ☐ А электр энергиясы
- ☐ В магнетизм
- ☐ С қысым
- ☐ D ауырлық күші

В. Су құбыры жүз жылдан астам уақыт бойы қолданылды. Құбыр бекітілген жоқ, бірақ құбырдан ағатын судың ағымы төменде көрсетілгендей өзгерді.



100 жыл бұрын



қазіргі кезде

Су ағымының өзгеруіне не себеп болды?

- ☐ А Тау жыныстарының қабатындағы су азайды.
- ☐ В Тау жыныстарының қабатындағы су көбейді.
- ☐ С Тау жыныстары тереңге түсіп кетті.
- ☐ D Тау жыныстары жер бетіне жақындай түсті.

С. Кейбір артезиан сулары жануарлар іше алмайтындай ыстық болады.

Судың құбырдан жерге төгілген кезде неге ыстық болатынын түсіндіріңіз.

Ойлау

2.9. Биология


РБ8_70



Жоғарыда берілген құралдарды қолданып, тыңайтқыштардың өсімдіктердің өсуіне әсерін тигізетін тәжірибені сипаттаңыз.

ОБ8_71

Болат жасушалық тыныс алу кезінде көмірқышқыл газы бөлінетінін, не бөлінбейтінін білгісі келеді. Төменде осы тәжірибеге арналған қажетті құрылғы көрсетілген. Ауа құрылғыға бағдаршамен көрсетілген бағытта айдалады.



А. Натрий гидроксиді көмірқышқыл газын сіңіреді. Тұнық әкті таза су көмірқышқыл газы болған жағдайда лайланады.


Құрылғыға 1-ші және 2-ші сынауықтары не үшін жалғанған? _____

В. 4-ші сынауықтағы әкті су лайланды.

Бұған қандай зат себеп болды және ол зат қайдан пайда болды? _____

ОБ8_72

Сара өсімдіктерге түсетін күн жарығының қарқындылығы қалайша өсімдіктердегі фотосинтездің жылдамдығына әсер ететінін зерттеді. Ол өсімдіктерді мөлдір шыны ыдыста өсіреді. Сыртқы ауа контейнер арқылы кішірек сорғышпен тартылады. Газанализаторлары ауадағы көмірқышқыл газы мен оттегінің ыдысқа түсер алдындағы және шыққаннан кейінгі мөлшерін өлшейді.



А. Жарық өсімдіктерге түскен кезде, ыдыстан шығып жатқан ауадағы көмір қышқыл газы мен оттегінің мөлшері, ыдысқа кіріп жатқан көмір қышқыл газы және оттегінің мөлшерімен салыстырғанда қандай болады?

Камерадаң шығатын,

көмірқышқыл газының саны

Камерадаң шығатын,

оттегі саны

- | | | | |
|----------------------------|--------|------|--------|
| ☐ А | жоғары | және | жоғары |
| ☐ В | жоғары | және | төмен |
| ☐ С | төмен | және | жоғары |
| ☐ D | төмен | және | төмен |

Сара зерттеуді қарқындылығы төмен жарық көзін пайдаланумен өткізді. Содан кейін ол екінші зерттеуді қарқындылығы жоғары сол жарық көзін шығарушы құрылғыны пайдаланумен өткізді.


В. Сара екі зерттеудің де газанализаторының көрсеткіштерін салыстырғысы келеді.

Сара екі сынақта да оларды бірдей сақтаған жағдайда, фотосинтез жылдамдығына әсер етуі мүмкін екі факторды жазыңыз.

2.10. Химия


OX8_73

Суретте көрсетілгендей біреуінде тұз қышқылы, екіншесінде натрий гидроксиді бар екі мензурка таразы тастарымен бірдей салмақта.



Екі сұйықтық араластырылды және бос мензуркамен бірге салмағы қайта өлшенді.


Төменде берілген суретке қараңыз.



А сурет



В сурет



С сурет

Қандай сурет сұйықтықтарды араластырғаннан кейінгі тепе-теңдікті көрсетеді?

Бір торкөзді белгілеңіз.

☐ А А сурет

☐ В В сурет

☐ С С сурет

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

OX8_74

Кестеде судың, сынап пен темірдің кейбір қасиеттері келтірілген.

	Бөлме температурасындағы күйі (20°C)	Балқу нүктесі (°C)	Қайнау нүктесі (°C)
Су	сұйықтық	0	100
Сынап	сұйықтық	-39	357
Темір	қатты зат	1 530	2 450

350°C-та су, сынап пен темірдің күйі қандай болады? (қатты, сұйық немесе газ)

Су: _____

Сынап: _____

Темір: _____

OX8_75

Перизат және Жандос өздерінің алқаларын салыстырды. Әрқайсысы басқасына қарағанда өзінің алқасында алтынның мөлшері көп екенін айтады. Олар қайсысының алқасында алтын көп екенін дәлелдейтін мүмкін амалдарды ойластыруда.



Перизаттың жоспары: Алқаның массасын табу. Масса көп болса, алтынның мөлшері көп болады.

Жандостың жоспары: Алқаның көлемін өлшеу. Көлемі көп болса, онда алтынның мөлшері де көп болады.

Перизат алқаны өлшеп, оның массасын тапты.

А. Жандос әрбір алқаның көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндр мен аздаған су қолданады.

ОХ8_75 (жалғасы)

Әрбір алқаның көлемін табу үшін ол қандай өлшеулерді жүргізді?

В. Перизат пен Жандостың нәтижелері төмендегі 1 кестеде келтірілген.

1 кесте

	Перизаттың алқасы	Жандостың алқасы
Алқаның массасы	60 г	55 г
Алқаның көлемі	3,9 см ³	4,2 см ³

Перизат пен Жандос өздерінің нәтижелері бойынша кімнің алқасында алтын көп екенін айта алмады.

Олар зергерлік бұйымдар туралы ақпаратты ғаламтордан алуды шешті. Олар тапқан ақпарат төмендегі кестеде келтірілген (2 кесте).

2 кесте

Алтын қорытпасы (карат)	Тығыздық (г/см ³)	Алтынның жуық шамамен пайызы
9 карат алтын	10,9-12,7	40
14 карат алтын	12,9-14,6	60
18 карат алтын	15,2-15,9	75
22 карат алтын	17,7-17,8	90
24 карат алтын (таза алтын)	19,3	100

Перизат пен Жандос алқаның тығыздығын табу керек екендігін түсінді. Олар әрбір алқаның тығыздығын **1 кестеде** берілген масса мен көлемді қолдану арқылы тапты.

3 кестеде тығыздықтарының нәтижесі көрсетілген.

2 кестедегі ақпаратты қолданып, әрбір алқаның құрамында бар алтынның каратын және пайыздық қатынасын көрсету үшін **3 кестені** толтырыңыз.

3 кесте

	Тығыздық (г/см ³)	Караттардың саны	Алтынның жуық шамамен
Перизаттың алқасы	15,4		
Жандостың алқасы	13,1		

ОХ8_75 (жалғасы)

С. Біраздан соң Перизат пен Жандос алтынның шамамен пайыздық қатынасын қолданып, әрбір алқадағы алтынның массасын есептеді.

Әрбір алқадағы алтынның массасын есептеңіз. 9 каратты алқадағы алтынның массасы келтірілген.


	Алтынның шамадағы пайыздық қатынасы	Көбейту	Алқаның массасы (г)	Тең	Алқадағы алтынның массасы (г)
9 карат	0,4 (40%)		20	=	8
Перизатт ың алқасы			60	=	
Жандост ың алқасы			55	=	

Кімнің алқасында алтынның мөлшері көп?

2.11. Физика

ОФ8_76

Екі металл А және В таяқшаларын су қоймасына салды. Стрелкалар жылудың ауысу бағытын көрсетеді.



Төмендегі дәлелдемелердің қайсысы заттың және судың температурасын ең жоғарысынан төменіне қарай бір қатарға дұрыс тізе алады?

Ең жоғары
температура


Ең төмен
температура



A	су	металл таяқша В	металл таяқша А
B	металл таяқша В	металл таяқша А	су
C	металл таяқша А	су	металл таяқша В
D	металл таяқша В	су	металл таяқша А

ОФ8_77

А және В магниттерінің әрқайсысы металл біріктіргіштер салынған қорапқа жақындатылады және белгілі қашықтықта ұсталып тұрады.



Дана құрылғыны қарап, В магниті А магнитіне қарағанда күштірек деген қорытындыға келді.

Сіз Дананың шешімімен келісесіз бе?

Бір торды белгілеңіз.


☐ Иә

☐ Жоқ

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз. _____


ОФ8_78

Х заты А сұйықтығында қалқып жүр. Суретте көрсетілгендей, ол сұйықтыққа жартылай батып тұр.



В және С суреттері, Х заты, А сұйықтығы мен В сұйықтығында қалқып жүргенін көрсетіп тұр.

Қай сурет дұрыс?



☐ В сурет

☐ С сурет

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз. _____

ОФ8_79

Суретте көрсетілгеніндей, Х заты мен Y заты бірдей шөлмектерге ернеуіне дейін толтырылған.



Шөлмектердің ішіндегісін көлемі үлкенірек бірдей шөлмектерге ауыстырды. Х заты шөлмектің пішінін алғанымен, оны толтырған жоқ. Y заты шөлмектің пішінін алды және оны толтырды.



Х және Y заттары туралы пайымдаулардың қайсысы дұрыс?

- ☐ А Х затының бөлшектері Y затының бөлшектеріне қарағанда ірі.
- ☐ В Y затының бөлшектері Х затының бөлшектеріне қарағанда ірі.
- ☐ С Y затының бөлшектеріне қарағанда Х затының бөлшектері бір-біріне жақынырақ орналасқан.
- ☐ D Х затының бөлшектеріне қарағанда Y затының бөлшектері бір-біріне жақынырақ орналасқан.

ОФ8_80


Жасұланда заттаңбасы жоқ екі шөлмек таза су бар. Ол бір шөлмекте тұщы су, ал екіншісінде тұзды су бар екенін біледі. Ол сұйықтықтардың дәмін татпай анықтағысы келеді.

Онда екі бірдей электр плитасы бар, бірақ термометр жоқ.

Ол электр плитасын қолдану арқылы қай шөлмекте тұщы судың, қай шөлмекте тұзды судың бар екендігін қалай табатындығын түсіндіріңіз.

ОФ8_81

Шымылдың артында жазық айна тұр. Лазерлік нұсқағыштан (1 және 2) түскен сәулелер шымылдың артындағы айнаға түседі. Жарық сәулелерінің бағыты суретте көрсетілгендей өзгереді.



Шымылдың артында тұрған айнаның орналасу қалпы қай суретте бейнеленген?



ОФ8_82

Қимылсыз тұрған Сәния жанынан велосипедпен өтіп бара жатқан Рауанға қарап тұр.



Рауанның велосипедінің қоңырау дыбысы туралы пайымдаулардың қайсысы дұрыс болып табылады?

- ☐ А қоңырауы Сәнияға да, Рауанға да қатысты қозғалады
- ☐ В қоңырауы Сәнияға да, Рауанға да қатысты қозғалмайды
- ☐ С қоңырау Рауанға қатысты қозғалады, бірақ Сәнияға қатысты қозғалмайды
- ☐ D қоңырау Рауанға қатысты қозғалмайды, бірақ Сәнияға қатысты қозғалады

ОФ8_83

Төмендегі кестеде әртүрлі орта арқылы өткен дыбыс жылдамдықтары көрсетілген.

Орта	Ықтимал жылдамдық (м/с)
Этанол	1 143
Алюминий	5 000
Көмірқышқыл газы	258
Темір	5 130
Оттегі	316
Тұзды су	1 533

Әртүрлі орта арқылы өткен дыбыс жылдамдықтарына қатысты қандай шешім шығаруға болады?

- ☐ А дыбыс қатты заттарда жылдам және сұйық заттарда баяу қозғалады
- ☐ В дыбыс газда жылдам және сұйық затта баяу қозғалады
- ☐ С дыбыс сұйық затта жылдам және қатты затта баяу қозғалады
- ☐ D дыбыс қатты затта жылдам және газда баяу қозғалады

2.12. География

ОГ8_84

Суретте топырақ қабаттары көрсетілген. Көптеген өсімдіктердің тамырлары топырақтың үстіңгі қабатында өседі, дегенмен кейбір өсімдіктердің тамырлары топырақ асты қабатына дейін жетеді.



Тамырлары топырақ асты қабатына дейін жететін өсімдіктердің екі артықшылығын жазыңыз.

Жаратылыстану бойынша жауаптар

Білім

Биология					
ББ8_01	А				
ББ8_02	В				
ББ8_03	В				
ББ8_04		Сүтқоректілер	Қосмекенділер	Балықтар	Құстар
	Сүт бездері	Х			
	Қабыршақ			Х	
	Қауырсын				Х
	Ылғалды тері		Х		
	Желбезек			Х	
	Түк	Х			
ББ8_05	D				
ББ8_06	В				
ББ8_07	D				
ББ8_08	А				
Химия					
БХ8_09	А				
БХ8_10	В-А-В-А				
БХ8_11	D				
БХ8_12	А				
БХ8_13	С				
БХ8_14	С				
Физика					
БФ8_15	Егер сіз айнадан біреудің көрінісін көрсеңіз өзінің де көрінісіңізді көруге болады. Түскен сәуле бұрышы шағылған сәуле бұрышына тең (шағылу заңы). Мысалы: Иә — Егер сіз адамды көріп тұрсаңыз, ол да сізді көре алады. Иә — Айнадан шағылысқан сәуле екі бағытта да көрінуі мүмкін. Иә — Сіз айнадан көріністі олар көре алған жағдайда ғана көресіз. Иә — Өйткені шағылысу әр кезде бола алады, екі жақ та бір-бірін көре алады. Иә — Жарық көзінен шыққан сәуле Маликаға түссе, кейін үлкен айнаға және Дамирдің көзіне, сол сияқты сәуле Дамирға кейін үлкен айнаға және Маликаға түсуі мүмкін. Осылайша Малика Дамирді көре алады. Иә — Егер сіз біреудің көздерін айнадан көрсеңіз, онда олар да сізді көре алады. Иә — Адамнан айнаға түскен сәуле бұрышы, адамға түскен сәуле бұрышымен тепе-тең.				

Физика мен химия	
БФ8_16	С
БФ8_17	А. Гравитация (гравитациялық тартылыс, гравитациялық күш) В. Х нүктесінен төмен доп жерден ұрылғанда энергия жоғалтатыны жайлы түсініктеме беріледі (жылу жоғалту/термодинамикалық энергиялар; үйкеліскеннен шығын, ауа, дыбыс кедергісі; энергияның біршама мөлшері жерді жылытады; энергияның біршама мөлшері доп пішінін өзгерткенде жоғалады). Мысалы: Энергия ауа кеңістігі кедергілерін жеңуге және жылу мен дыбыс бөлуге қолданылады, осы себептен доп секірген сайын оның энергиясы азая түседі. Бұл өйткені доптың кинетикалық энергиясы жылу немесе дыбыс сияқты өтеді. Ол жерден ыршығанда энергия жоғалтады, осылайша ол биік ұша алмайды. Ол жерден ыршығанда көп кинетикалық энергия жоғалтады, осылайша ол қайта тебіліп шарықтағанда Х нүктесі сияқты биік ұшпайды. Энергия азайғандықтан доптың жылдамдығы төмендеді. Доптың бастапқыдағыдай көп энергиясы қалған жоқ.
БФ8_18	Д
БФ8_19	С
География	
БГ8_20	В
БГ8_21	Автокөлік өндірушілері ауаның ластау дәрежесін азайту мақсатында әртүрлі жанармай (немесе энергия көзі) қолданатын автокөліктер өндіреді. Автокөлік өндірушілері бензинді аз қолданатын автокөлік жасап шығарады (көбінесе энергия негізінде жұмыс істейтін, немесе қозғалтқыш, шина қуатын жетілдіреді немесе аэродинамикалық дизайнын жетілдіреді), осылайша автокөлік ауаны аз ластайды. Автокөлік өндірушілері ауаға шығатын ласты филтрлеу үшін автокөліктерді қосалқы құрылғылармен жабдықтайды. Мысалы: 1. Автокөлік өндірушілері бензинді аз қолданатын автокөлік жасап шығарады. 2. Автокөлік өндірушілері ластамайтын жанармай қолданатын автокөліктер жасап шығарады. 1. Олар газда автокөлік жүрісі көп автокөліктер жасап шығарады. 2. Олар газ шығатын түтіктен лас шықпас бұрын филтрлейтін автокөліктер шығарады.
БГ8_22	Д
БГ8_23	А – В – В – А – А
БГ8_24	Жерсілкінісінің себебі ығыстырылған қозғалыс НЕМЕСЕ жердегі плиталардың қозғалысы екендігі көрсетіледі. Мысалдар: Жер асты плиталары Жер сілкінісін болдыратандай не соқтығысады, не тебіледі, немесе қарама-қарсы немесе бір-бірінен бөлек жылжиды. Тектоникалық плиталардың қозғалысы бірігу мен аяқасты ажыраудың үйкелісін тудырады. Екі плитаның ернеуі орын ауыстырғанда немесе бір-біріне үйкелгенде. Екі плитаның шеттерінің орын ауыстыруы немесе үйкелісі.

БГ8_24 (жалғасы)	Тектоникалық плиталардың қирауы. Тектоникалық плиталар соқтығысқан кезде, бір тақта екінші тақтаның үстіне шығып кетеді. Жер сілкінісі плиталардың өзгерісінен болады. Біздің Жерде қозғалатын плиталардың. Плиталардың орын ауысуынан. Магмалардың қозғалысы Жер сілкінісінің себебі екендігіне (жанартау белсенділігі) сілтеледі. Мысалдар: Жер сілкінісі жанартаулар атылған уақытта болуы мүмкін. Жанартаудың төменгі жағындағы магмалардың қозғалысы Жер сілкінісіне себеп болуы мүмкін. Кейде жанартаудың атылуынан.	
БГ8_25	А	
БГ8_26	Үрдістің сипаттамасы	Үрдіс
	Судың тамшысы Жерге түседі	тұнбаның түзілуі
	Судың топырақ және тасты қабаттар арасындағы кеңістікпен өтуі	ірікілу
	Су сұйықтықтан газға айналады	булану
	Атмосферадағы су газдан сұйықтыққа айналады	конденсация
БГ8_27	А	
БГ8_28	В	
БГ8_29	С	
БГ8_30	В	

Қолдану

Биология		
ҚБ8_31	С	
ҚБ8_32	Физикалық немесе мінез-құлық сипаттамасы көрсетіледі және осы мінездемелердің негізінде ағзалар дұрыс жүйеленеді. НЕМЕСЕ Метамарфоза көрсетіледі және осы жазылған мінездемелердің негізінде ағзалар дұрыс жүйеленеді. Омыртқалы жануарлар (бел омыртқалы): балық, бақа, құс, кит; Омыртқасыз жануарлар (бел омыртқасыз): құмырсқа, өрмекші, шұбалшаң. Суда тіршілік ететіндер: балық, кит; Құрлықта тіршілік ететіндер: бақа, құс, өрмекші, шұбалшаң, құмырсқа. Метамарфозаға – құмырсқа, бақа беріледі; Метамарфозаға – балық, өрмекші, шұбалшаң, құс және кит берілмейді.	
ҚБ8_33	Құмды жағажайларда өмір сүретін тышқандардың терісінің ақшыл қоңыр болуы олардың құмның түсімен үйлесіп тұруында артықшылығы бар болуы (көрінбейтін болады) немесе олар жыртқыштарға көрінбейдігі түсіндіріледі.	

ҚБ8_34	Үрдіс	Ауаға бөлінетін көмірқышқыл газы	Ауадан бөлінетін көмірқышқыл газы	Ауаға бөлінетін оттегі	Ауадан бөлінетін оттегі
	Отынның жануы	X			X
	Жануарлардың тыныс алуы	X			X
	Өсімдіктердің тыныс алуы	X			X
	Өсімдік фотосинтезі		X	X	
ҚБ8_35	Жоқ олар өздерінің ұрпақтарына өздеріне ғана тән құйрықтарының болмауы ерекшеліктерін (ген, ДНҚ) береді деген түсіндірме келтірілген. Мысалы: Егер олардың біреуінде де ұзын құйрық болмаса, онда бұл ерекшелік марғауларға да берілмейді. Өйткені құйрықтарының қысқа болуы олардың гендерінде бар. Бұл мысықтарда ұзын құйрық болмағандықтан, олар марғауларына ұзын құйрыққа жауап беретін генді бере алмайды. Бұл мысықтардың ДНҚ-ларында: «Құйрығы болмайды» деп жазылған, сондықтан олардың марғаулығында құйрығы болатыны екіталай.				
ҚБ8_36	С				
ҚБ8_37	D				
ҚБ8_38	Азықтар тізбегіне сілтеледі. Сілтемені энергияға және\немесе құнарлы заттарға қосуы немесе қоспауы мүмкін. Мысалдар: Бүркіттер энергия мен құнарлы заттарды балықпен қоректенетін балықтан, теңіз балдырларымен қоректенетін балықтан алады. Құстар тышқан сияқты кішкентай аңдармен қоректенеді. Бұл кішкентай аңдар өсімдіктермен қоректенеді. Құрбан өмір сүру үшін өсімдіктермен қоректенуі тиіс, ал бүркіт өмір сүру үшін өзінің құрбанымен қоректенуі тиіс. Бүркіт өсімдіктермен қоректенетін нәрселермен қоректенеді. Өмір сүру үшін тыныс алу мен оттегі қажеттілігіне сілтеледі. Мысалы: Өсімдіктер бүркіттердің тыныс алуына қажетті оттегі бөледі. Олар өсімдіксіз өмір сүре алмайды, өйткені оларға өмір сүру үшін оттегі қажет.				
ҚБ8_39	А. Қояндар популяциясының азаюына (кему, құлдырау) және сілеусіндер популяциясының азаюына (кему, құлдырау) сілтеледі. Мысалы: Қоян – олар сілеусіндерге жем болғандықтан және азықтың жетіспеушілігінен популяция азайды. Сілеусін – олардың азықтануы үшін қояндар азайғандықтан популяция азайды. 1996 және 2004 жылдар аралығында қояндар популяциясы саны жағынан азайды. 1996 және 2004 жылдар аралығында сілеусіндер популяциясы да саны жағынан азайды.				

ҚБ8_39 (жалғасы)	В. Көрсетілген ескертпедегі мүмкін болатын бір түсініктеме беріледі. Мысалы: Сілеусіндер популяциясы құлдырады, өйткені сілеусіндердің азықтануы үшін, қояндар саны жеткіліксіз болды. Бұл үшін аңшыларға төлейтіндіктен, оларды аңшылар өлтіруі мүмкін немесе аңшы олардың терісін сатуы мүмкін. Олардың қоршаған ортасын адамдар бүлдіреді. Аңшылар. Аурулар. Қояндардың аздығы.
ҚБ8_40	С
ҚБ8_41	А
ҚБ8_42	Д
ҚБ8_43	А сұрағына - жауабы В, В сұрағына - Олардың саны кемиді балық масалардың дернәсілдерімен қоректенеді, сондықтан дернәсілдердің аз бөлігі масаға айналады. Мысалдар: Олардың саны кемиді – балық көбейеді - масалардың дернәсілдерінің көбі желінеді, бұл ересек масалар санының азаюын тудырады. Олардың саны кемиді – масалардың дернәсілдерінің көбі желінеді.
ҚБ8_44	Жыныссыз және генетикалық құрылыстарының бірдейлігі түсіндіріледі. Мысалдар: Көзшелер бір денеден (картоптан) алынған генетикалық материалдан көбейді, сондықтан көбеюдің бұл түрі жыныссыз болып табылады. Жаңа өсімдік ескі өсімдіктің түйнегінен пайда болды, сондықтан генетикалық құрылыстары бірдей болады. Жыныссыз және ұрықтануға қатысты келтірілген түсініктемемен НЕМЕСЕ бұл неліктен жыныссыз көбею екендігіне және/немесе неліктен жынысты көбею емес екендігіне жалпы түсініктеме беріледі. Мысалдар: Жыныссыз көбейту кезіндегі көбею үшін ұрықтанудың қажеті жоқ. Өсіп-өніп көбеюдің бұл түрі тұқым қажет болмағандықтан, жыныссыз болып табылады. Мұнда екі жыныстық жасушалардың ұрықтануы талап етілмейді. Өйткені ол басқа картоппен «шағылыстырылуы» тиіс емес, ол өз алдына көбейеді. Өсімдікті өсіру үшін тек бір аталық немесе аналық керек. Жынысты көбею үшін аталық пен аналық болу керек (картоп).
ҚБ8_45	В
ҚБ8_46	<u>А сұрағына</u> - Жұмыртқалы саты қатысты түсініктеме берілген. Мысалы: Бұл саты барысында жұмыртқа өте жақсы қоректенеді және өлшемін арттырып бірнеше рет түлейді. Ағза қоректеніп, үлкен болған кезде. Ол қуыршаққа айналу үшін жапырақпен қоректенеді. Жұмыртқа қоректенгенде, ол өседі. Басқа да дұрыс жауап қабылданады. <u>В сұрағына</u> - Қуыршақ немесе дернәсіл дененің кейбір бөліктеріне НЕМЕСЕ жетілу белгілеріне қатысты түсініктеме беріледі. Мысалдар: Қуыршақ – ол жұмыртқада аяқтары сияқты дене бөліктерімен жетіледі.

ҚБ8_46 (жалғасы)	Дернәсіл – бұл жетілуге қатысты, өйткені дернәсілден қанат, мұрт, 6 аяқ және 3 дене бөлігі өсіп шығады. Дернәсілдің сатысы – өйткені дернәсілде қанат пен басқа дене бөліктері өсе бастайды. Дернәсіл – дернәсілде болған уақытта оны көбелекке айналдыратын белгілері дамиды. Қуыршақ немесе дернәсіл көбелек боп жетілумен байланысты түсініктемесмен. Мысалдар: Қуыршақ – домалақ пішіннен құрт пішінге айналу. Дернәсіл – дернәсіл өзгеріп жетілу үшін азықтанады және көбелекке айналу үшін жиналған энергияны қолданады. Дернәсіл – бұл құрт сатысынан ересек сатыға өту. Дернәсіл – біраз уақыт өткен соң көбелекке айналады. Дернәсіл – жібекке оралған дернәсіл ұйқыда болады, ол толығымен көбелекке айналған кезде жібектен ұшып шығады. <u>С сұрағына</u>– жауабы В
------------------	--

Химия

ҚХ8_47	<table border="1"> <thead> <tr> <th></th><th>Түсі</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Дистилдірілген су</td><td>Сия көк</td></tr> <tr> <td>Лимон шырыны</td><td>Қызыл</td></tr> <tr> <td>Сіркесу (уксус)</td><td>Қызыл</td></tr> <tr> <td>Ас содасының ерітіндісі</td><td>Көк</td></tr> </tbody> </table>		Түсі	Дистилдірілген су	Сия көк	Лимон шырыны	Қызыл	Сіркесу (уксус)	Қызыл	Ас содасының ерітіндісі	Көк
	Түсі										
Дистилдірілген су	Сия көк										
Лимон шырыны	Қызыл										
Сіркесу (уксус)	Қызыл										
Ас содасының ерітіндісі	Көк										
ҚХ8_48	D										
ҚХ8_49	B – A – A – B										
ҚХ8_50	Майдың тығыздығы судың тығыздығынан аздығы түсіндіріледі. Мысалдар: Майдың тығыздығы судың тығыздығынан аз. Судың тығыздығы майдың тығыздығынан үлкен. Май суға қарағанда тығызырақ. Басқа дұрыс жауап. Май көлемінің бірлік массасы су көлемінің бірлік массасынан кем.										
ҚХ8_51	Төменде сипатталған екі әдіске сілтеледі. •1 Әдіс ұтымды, өйткені темір магниттік әсері бар (ал мыс ондай емес) •2 Әдіс ұтымсыз, өйткені темір мен мыс араласпайды және\немесе металлдар сүзгіден өтпейді. 1. Әдіс ұтымды болады, өйткені темір магнитке тартылады, ал мыс тартылмайды. 2. Әдіс ұтымсыз, өйткені темір де, мыс та суда араласпайды, сондықтан екеуі де сүзгіш қағазда қалып қояды.										
ҚХ8_52	2-ші мензуркадағы сұйықтық 2 ыдыста су көп немесе 1 ыдыста су аз деген нақты немесе нақты емес деректерге қатысты түсіндіріледі. Мысалдар: 2 ыдыс, өйткені мұндағы қант мөлшері 1 ыдыстағымен тең, бірақ судың көлемі артық. Өйткені онда су көп. Ыдыста су көп және қант сұйылтылған. Су қанша көп болса, қант сонша көп сұйылады. 1 ыдыста су аз.										

ҚХ8_53	D
Физика	
ҚФ8_54	D
ҚФ8_55	B
ҚФ8_56	Су мұзға айналғанда оның көлемі үлкейетінін сипаттайды (содан көрсетілген қысым бөтелкенің шытынауына әкелді). Мысалы: Су мұздатқыштағы төмен температураның нәтижесінде мұз болды. Ол қатты күйге айналғанда, оның көлемі ұлғайды. Бөтелке ұлғайған көлемді және қысымды сыйдыра алмады да, шытынап кетті. Мұзға судан гөрі көбірек орын қажет болғандықтан, бөтелке шытынады. Бөтелкедегі су мұз болды да ұлғайды. Бөтелке мұз үшін тым кішкентай болғандықтан, бөтелке шытынады. Өйткен су қатқан кезде ұлғаяды.
ҚФ8_57	9 Ом
ҚФ8_58	Ағаш металлға қарағанда жылуды нашар өткізетіні (жақсы оқшаулаушы) немесе металл ағашқа қарағанда жылуды жақсы өткізетіндігі (нашар оқшаулаушы) көрсетіледі. Мысалы: Бұл өйткені ағаш нашар жылу өткізгіш, сондықтан мұз соншалықты тез ерімейді. Ағаш мұзды жылы ауадан жақсы оқшаулайды. Металл жылу өткізетіндігіне және ағаш жылу өткізбейтіндігіне сілтеледі. Мысалы: Өйткені металл жылуды өткізеді, ал ағаш жылуды өткізбейді.
ҚФ8_59	A
ҚФ8_60	B
ҚФ8_61	B
ҚФ8_62	Иә және балаларға әсер ететін екі күш бар екендігіне сілтеледі: гравитация (төмен) ЖӘНЕ дуал (жоғары). Мысалдар: Гравитация төмен, ал дуал жоғары тартады. Дуал оларды жоғарыда гравитациялық күшке қарсы ұстап тұрады. Гравитация мен дуал. Ия және балаларға әсер ететін екі күш бар екендігіне сілтеледі: салмақ (балалардың) (төмен) ЖӘНЕ дуал (жоғары). Мысалдар: Екі күш: салмақ төмен басады, ал дуал жоғары көтереді. Олардың салмағы мен дуал. Иә және бір күшке сілтеледі: гравитация (төмен) НЕМЕСЕ дуал (жоғары) НЕМЕСЕ салмақ (төмен). Мысалдар: Өйткені оларға гравитация әсер етеді. Сенімділік үшін оларға гравитациялық тартылыс әсер етеді. Салмақ дуалға тартады. Оларға осылай отыруға гравитация әсер етеді. Гравитациясыз олардың массасы олардың орындарында қалуына жеткіліксіз болар еді. Басқа дұрыс жауап. Атмосфералық қысым. Жел.

ҚФ8_63	1 сурет жылу ыстықтан суық затқа берілетіндігіне негізделген түсініктемемен. Мысалдар: Жылу ыстықтан суық затқа беріледі. Жылу ыстықтан суық орынға ауысады. Өйткені жылу 75 градустағы кубтан 50 градустағы кубқа өтеді. Жылу жоғары температурадан төменгі температураға беріледі.
ҚФ8_64	В әдісі массасы бірдей, ал беттік ауданы кіші екендігіне негізделген түсініктемесі көрсетілген. В әдісі – беттік ауданы кіші және дене салмағы кіші ауданға әсер етеді. В әдісі – дене салмағы кіші бетке әсер етеді. В әдісі –беттік ауданы қаншалықты кіші болса, қысым соншалықты үлкен болады. В әдісі – жермен жанасу ауданы кіші, сондықтан қысым үлкен болады. В әдісі – беттік ауданы кішкентай болғандықтан.
ҚФ8_65	Жарықтың тезірек таралатыны (дыбыстан гөрі) немесе дыбыстың баяуырақ таралатыны (жарықтан гөрі) жайлы айтылады. Мысалдар: Жарықтың жылдамдығы дыбыстың жылдамдығынан әлдеқайда тезірек. Өйткені, жарық дыбысқа қарағанда тезірек таралады. Өйткені, жарық әлдеқайда тезірек таралады. Дыбыс жарыққа қарағанда баяуырақ таралады.
География	
ҚГ8_66	Иә - Айда тартылыс күші аздығы айтылатын түсініктеме берілген. Мысалдар: Иә - Айда гравитациялық тартылыс Жерге қарағанда аз. Иә - Айда тартылыс күші аз. Иә - Жерде тартылыс күші көп.
ҚГ8_67	С
ҚГ8_68	Бағдарша өзен ағысын таудан мұхитқа қарай көрсетеді. Түсініктеме судың ең жоғарғы нүктесінен ең төменгі нүктеге ағатынына сілтеледі. Мысалдар: Өзен осындай жолмен ағады, өйткені су мұхитқа баруы да, мұхиттан шығуы да мүмкін,бірақ су тауға барып, төмен ағуы мүмкін емес. Су таудан өзенге ағады және өзендегі су мұхитқа құйылады.
ҚГ8_69	А сұрағы – жауабы С В сұрағы – жауабы А С сұрағы - Судың температурасы жоғары (ол жерде жоғарғы таулы тек, магма) болатыны және ол Жердің астынан келетіні туралы түсіндіріледі. Мысалы: Су жер астынан көтеріледі, ал ол жақта суды қатты ысытатын жоғары температура бар. Себебі тау жыныстарының қабаттарының астында қайнаған магма бар. Ол суды беткі қабатқа көтерілмей тұрып ысытады. Ол ыстық, өйткені жер асты тау жыныстары ыстық болады. Өйткені ол жер астында ыстық болады.

Ойлау

Биология

ОБ8_70	Жауаптар төменде берілген элементтерді қосуы мүмкін: a. Кейбір құмыралардың ішінде тыңайтқыш бар, ал басқаларында тыңайтқыш жоқ НЕМЕСЕ b. Тыңайтқыш концентрацияларының қатары және кем дегенде бір құмырада тыңайтқыш жоқ ЖӘНЕ c. Үнемі сақталатын басқа айнымалылардың көрсету (топырақ, тұқымдар және су). Мысалы: Әрбір құмыраға бірдей мөлшерде топырақ салу. Әрбір құмыраға 2 тұқымнан себу. Әрбір құмыраға бірдей мөлшерде су құю және үш құмыраға бірдей мөлшерде тыңайтқыш қосу. Екі құмыраға тыңайтқыш қоспау. Мысалы: 1. Әрбір құмыраға бірдей мөлшердегі топырақ салу. 2. Әрбір құмыраға 1 тұқымнан себу. 3. Әрбір құмыраға бірдей мөлшердегі су құю. 4. Әрбір құмыраға әртүрлі мөлшердегі тыңайтқыш қосу. Бір құмыраға тыңайтқыш қоспау. Мысалы: Әрбір құмыраға топырақ салып, тұқым сеуіп және су құю. Бес құмыраның төртеуіне бірдей мөлшердегі тыңайтқыш қосу. Бесінші құмыраға тыңайтқыш салынбайды. Әрбір құмыраға топырақ салып, тұқым сеуіп және су құю. Әрбір құмыраға әртүрлі мөлшердегі тыңайтқышты қосу және біреуіне тыңайтқыш қоспау. Олардың өсуін қадағалау.
ОБ8_71	Төменде көрсетілген екі себеп те дұрыс жазылған. • Натрий гидроксиді көмірқышқыл газын (немесе көміртек (II) оксиді) (ауадан) сіңіріп алады. • Әкті су ауадағы көмірқышқыл газының қалмағанын және/немесе 4-сынауықта тексеру үшін қолданылып жатқанын көрсетеді. Мысалы: Сынауық 1 - Натрий гидроксиді ауадағы бар көмірқышқыл газын сіңіріп алады. Сынауық 2 - Әкті су натрий гидроксидінен өткен ауада көмірқышқыл газының қалмағанына көз жеткізеді. Сынауық 1 - Көмірқышқыл газын сіңіреді. Сынауық 2 - Қоңыздарға баратын ауада көмірқышқыл газының қандай да бір мөлшерінің қалғанын не қалмағанын көрсетеді. Сынауық 1 - Көмірқышқыл газын сынауықтағы әкті су бұлдыр болып кетпеуі үшін, сіңіреді. Сынауық 2 - Барлық зерттеуді қадағалау үшін қажет. Сынауық 1 - Көмірқышқыл газын сіңіреді. Сынауық 2 - Көмірқышқыл газының қалғанын не қалмағанын көрсетеді, өйткені көмірқышқыл газы бар болатын болса, әкті су бұлдырлана бастайды. Сынауық 1 - Көмірқышқыл газын сіңіреді. Сынауық 2— Көмірқышқыл газының қалғанын не қалмағанын көру


ОБ8_71 (жалғасы)	үшін қажет.
ОБ8_72	А сұрағы – жауабы С В сұрағы – Ауа температурасы Өсімдіктерге берілген су мөлшері Ауа ылғалдылығы Өсімдіктерге берілген тыңайтқыштар мөлшері Өсімдіктер саны Өсімдіктер түрі (немесе бірдей өсімдіктер) Сынақты өткізу мезгілі Өсімдіктің көлемі (жапырақтар саны) Кіріп жатқан ауадағы көмірқышқыл газы мөлшері (немесе көмірқышқыл газы мен оттегі) Кіріп жатқан ауаның ағымы немесе мөлшері Жарық көзі мен өсімдік арасындағы арақашықтық. Мысал: 1. Кіретін және шығатын ауа мөлшері. 2. Бір мезгілде олшем жасау.

Химия	
ОХ8_73	С суреті және массасы сақталғаны түсіндіріледі. Мысалдар: Тұз қышқылы мен натрий гидроксиді реакцияға түседі және тұз бен су пайда болады. Бұл реакция барысында масса сақталады. Өйткені, егер екі зат алмасса, дәл екі мензурканы толтырғандағыдай болар еді. Ештеңе өзгермейді, өйткені сіз артық салмақ қосқан жоқсыз. В суреті реакция барысында жылу пайда болады да судың бір бөлігі бұға айналып жоғалатындығы түсіндіріледі. Мысалдар: В суреті – судың бір бөлігі реакция барысында пайда болатын жылудан бұға айналып жоғалуы мүмкін.
ОХ8_74	Төменде көрсетілгендей барлық үш жол дұрыс толтырылған. Су: Газ Сынап: Сұйықтық Темір: Қатты
ОХ8_75	А сұрағы Мыналарға сілтеледі: 1) судың көлемі\ алқаларды салғанға дейінгі су деңгейі. 2) судың көлемі\ алқаларды суға салғаннан кейінгі су деңгейі. Мысалдар: Ол су деңгейін алқаны ішіне салмас бұрын өлшеді, сосын алқаны салғаннан кейін өлшеді. Бірінші кезде су алқасыз, екінші кезде су алқамен. Жиегінен төгілгендегі деңгейін өлшеуге сілтеледі. Мысалдар: Ол өлшеуіш цилиндрді бетпе-бет толтырып, алқаны салып жіберді де жиегінен төгілген судың көлемін өлшеді. В сұрағы

ОХ8_75 (жалғасы)		Тығыздығы (г/см ³)	Караттардың саны	Алтынның жуық шамамен пайызы		
	Перизаттың алқасы	15,4	18	75		
	Жандостың алқасы	13,1	14	60		
	С сұрағы –					
		Алтынның жуық шамадағы пайыздық қатынасы	Көбейт у	Алқаның массасы (г)	Те ң	Алқадағы алтынны ң массасы (г)
	9 карат	0,4 (40%)	×	20	=	8
	Периза ттың алқасы	0,75	×	60	=	45
	Жандос тың алқасы	0,6	×	55	=	33
Физика						
ОФ8_76		D				
ОФ8_77		Жоқ, магниттер металл біріктіргіштерден әртүрлі арақашықтықта орналасқанын және өткізілген сынақтың дұрыс емес болғанын түсіндіретін жауап берілген.				
ОФ8_78		Сурет С және С сұйықтығының тығыздығы төмен (А сұйықтығының тығыздығына қарағанда) болғандықтан Х заты төменірек қалқиды деген түсіндірме берілген. НЕМЕСЕ Сурет С және неге Сурет В-де қате жорамал көрсетілгеніне негізделіп берліген түсіндірмемен. Мысалы: Сурет С - Себебі тығыздығы төмен болған сайын, затта төмен қалқиды. Сондықтан Х заты көбірек «суға батырылған». Сурет С – Тығыздығы төмен. Сурет С - С сұйықтығына қарағанда, В сұйықтығының тығыздығы жоғарырақ. Зат өте төмен тұр, ол әлдеқайда жоғарырақ болуы керек.				
ОФ8_79		C				
ОФ8_80		Шөлмектердегі суды қыздыру\ қайнату\ булау (электр плитасын қолданып) әдістеріне және қай шөлмекте тұз қалатынын бақылауға НЕМЕСЕ шөлмектегі суды тура электр плитасына қойып, тұздың қалу-қалмауын бақылауға сілтеледі. Мысалдар: Ол буланғанша оларды қыздыра алады және бұдан соң тұзды су буланғанда тұз қалып қояды. Ол суды буланғанша қайната алады және тұздың қалған-қалмағанын көре алады. Бір шөлмектегі суды электр плитасына төгу, екінші шөлмектегі суды басқа электр плитасына төгу. Электр плиталарын су буланғанша қыздыру. Электр плиталарына қарап, олардың қайсысында тұз қалғанын білуге болады. Шөлмектердегі судың қайнауына және тұщы су тұзды судан гөрі тезірек қайнауын (өйткені тұзды судың қайнау нүктесі тұщы судың қайнау нүктесінен жоғары) бақылауға сілтеледі.				

ОФ8_80 (жалғасы)	Мысалдар: Тұщы су тұзды судан бұрын қайнайды. Мен тұщы су тұзды судан гөрі тезірек қайнайды деп ойлаймын.
ОФ8_81	A
ОФ8_82	D
ОФ8_83	D
География	
ОГ8_84	Ұзын тамырлар құнарлы заттарды көбірек ала алады (минералдар). Ұзын тамырлар суға жете алады (топырақтың жоғарғы қабаты құрғақ болғанда немесе қатып қалғанда). Ұзын тамырлар өсімдікті жақсы бекітеді. Мысалдар: - Олар тереңдегі жерасты суына жете алады. - Күшті желдер оларды оңайлықпен жұлып әкете алмайды. - Суды мол ала алады. - Жерге күшті орнықтырады. - Олар құрғақшылық кезінде жерастындағы суға жете алады. - Өсімдіктің жерастында сақталатын мол құнарлы заттарды алуға мүмкіндігі болады. - Құнарлы заттарды мол ала алады. - Бұл ағаштардың діңгегін мықтап ұстайды.

TIMSS TEST ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ: 4-СЫНЫП



ІАҚ

«АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ
www.iac.kz

НҰР-СҰЛТАН
2020

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ

TIMSS TEST
ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ
ЖИНАҒЫ: 4-СЫНЫП

УДК 373

ББК 74.262.21

С 23

С 23 TIMSS тест тапсырмаларының жинағы: 4-сынып. Ақпараттық-талдау орталығы: Нұр-Сұлтан, 2020 – 97 бет.

Осы жинақ еліміздің педагогикалық қоғамдастығына бастауыш мектептің оқу процесінде TIMSS тапсырмаларын қолдану үшін көмек ретінде «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ Халықаралық салыстырмалы зерттеулер департаментімен дайындалды.

Бұл жинақ IEA білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық ұсынған материалдар негізінде дайындалды. IEA TIMSS материалдарын пайдалану және аудару бойынша рұқсатты тек қана осы жинақты дайындау үшін берді. IEA материалдарын басқа мақсатта пайдалану үшін қосымша рұқсат алу қажет. Осы жинақта келтірілген бағалау шеңберінің сипаттамасы IEA жариялаған TIMSS-2015 және TIMSS-2019 бағалау шеңберлерінің ағылшын тілінен аудармасы болып табылады және олармен мына сілтемелер арқылы толығырақ танысуға болады:

- <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

- <https://timssandpirls.bc.edu/timss2019/>

Аударманы орындаған – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. Аударма IEA тарапынан тексерілген жоқ. Тиісінше, IEA осы жинақтағы аударма мен материалдың түпнұсқасы арасындағы кез келген дәлсіздіктер, қателіктер немесе айырмашылықтар үшін жауап бермейді.

ISBN 978-601-7904-19-7

Copyright © 2013 International Association for the Evaluation of Educational Achievement (IEA)
TIMSS 2015 Assessment Frameworks Ina V.S. Mullis and Michael O. Martin, Editors

Copyright © 2017 International Association for the Evaluation of Educational Achievement (IEA)
TIMSS 2019 Assessment Frameworks Ina V.S. Mullis and Michael O. Martin, Editors

Мазмұны

КІРІСПЕ	4
1. МАТЕМАТИКА БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	7
Білім	16
1.1. Сандар	16
1.2. Геометриялық фигуралар және өлшемдер	20
1.3. Мәліметтерді визуализациялау	23
Қолдану	24
1.4. Сандар	24
1.5. Геометриялық фигуралар және өлшемдер	26
1.6. Мәліметтерді визуализациялау	32
Ойлау	36
1.7. Сандар	36
1.8. Геометриялық фигуралар және өлшемдер	39
1.9. Мәліметтерді визуализациялау	42
Математика бойынша жауаптар	44
2. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	47
Білім	60
2.1. Өмір туралы ғылым	60
2.2. Физика	64
2.3. Жер туралы ғылым	67
Қолдану	69
2.4. Өмір туралы ғылым	69
2.5. Физика	74
2.6. Жер туралы ғылым	79
Ойлау	81
2.7. Өмір туралы ғылым	81
2.8. Физика	82
2.9. Жер туралы ғылым	86
Жаратылыстану бойынша жауаптар	88

Кіріспе

Математика және жаратылыстану ғылымдары әр адамның өмірінде ерекше рөл атқарады. Осы бағыттарда білім мен дағдыларды қолдануды талап ететін міндеттер кәсіби және күнделікті өмірде жиі кездеседі. Сондықтан математика және жаратылыстану жағынан мықты және сапалы білімі бар адамдарда өмір сүру жағдайын жақсарту және әлеуетін толық іске асыру мүмкіндігі көбірек болады.

Математика және жаратылыстану білім сапасын бағалау мүмкіндігін TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) халықаралық зерттеуі ұсынады. TIMSS зерттеуі алғаш рет 1995 жылы өткізілді және содан бері әр төрт жыл сайын 4-ші және 8-ші сынып оқушылары арасында циклдармен жүргізіліп келеді. Бүгінгі күні TIMSS-тің жеті циклі өткізілді. Осы кезеңде зерттеуге TIMSS нәтижелерін өз білім беру жүйесінің тиімділігін мониторингілеу үшін пайдаланатын 50-ден астам ел қатысты.

TIMSS зерттеуінің бірегей ерекшеліктерінің бірі – әрбір жаңа циклда оқушылардың бір жиынтық тобын бағалау. Мысалы, TIMSS-тің бір циклына қатысқан төртінші сынып оқушылары төрт жылдан кейін жаңа циклда сегізінші сынып оқушылары болады. Осылайша зерттеу бастауыштан (4-сынып) негізгі мектепке (8-сынып) ауысқан кезде оқушылардың математика және жаратылыстану бойынша оқу жетістіктерінің өзгерістерін қадағалауға мүмкіндік береді.

Осындай кең ауқымды зерттеудің үйлестірушісі – ұлттық зерттеу институттары мен мемлекеттік зерттеу агенттіктерінің тәуелсіз халықаралық бірлестігінен тұратын IEA білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастығы (International Association for the Evaluation of Educational Achievement). IEA өзінің зерттеулерін Бостон колледжінің халықаралық оқыту орталығы (ISC – International Study Center, Boston College, АҚШ), Білім беру саласындағы тестілеу қызметі (ETS – Educational Testing Service, АҚШ), Деректерді өңдеу орталығы (IEA Hamburg, Германия) және Канадалық статистика орталығы (Statistics Canada, Канада) сияқты ұйымдармен бірлесіп жүргізеді. IEA 1959 жылы құрылған кезден бастап әлемнің түрлі елдерінің білім саясатын зерттеуге мүмкіндік беретін бірқатар зерттеулер жүргізді.

Қазақстан алғаш рет TIMSS-ке 2007 жылы қатысты – бұл жалпы зерттеудің төртінші циклі. TIMSS-тің бірнеше циклына елдердің, соның ішінде Қазақстанның үздіксіз қатысуы өткен циклдердегі халықаралық және ұлттық нәтижелермен салыстырғанда

оқушылардың жаратылыстану және математикалық дайындығының прогресін қадағалауға, мектептегі оқытудың сабақтастығын зерттеуге, оқушылардың білім беру жетістіктеріне қандай факторлар әсер ететінін анықтауға мүмкіндік береді.

TIMSS оқушылардың нәтижелерінен бөлек зерттеудің бағалау шеңбері мен тест тапсырмаларын зерттеу мен қолдануға қызығушылық танытады. Әдетте бір цикл аяқталғаннан кейін TIMSS тест тапсырмаларының бір бөлігі (60%-ы) жаңа циклге ауысады, сондықтан жаңа циклде қайта қолдану үшін олар қатаң құпияда сақталады. Қалған 40%-ы жаңа тест тапсырмаларымен алмастырылады. Осылайша тапсырмалардың төрттен бір бөлігі құпиялылық режимінен шығып, кең пайдалану үшін қолжетімді болады.



Бұл жинақта 4-ші сыныптарға арналған TIMSS тест тапсырмалары екі бағыт бойынша ұсынылған: математика және жаратылыстану. Жарияланымның мақсаты – кең аудиторияға, атап айтқанда педагогтерге TIMSS тест тапсырмаларын ұсыну. TIMSS тапсырмалары оқу процесінде де, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу, оқу бағдарламаларын қайта қарау және өзектендіру және педагогикалық шеберлікті жетілдіру үшін де қолданылуы мүмкін.

Осы жинақ екі тараудан тұрады. Бірінші бөлімде математика бойынша, екіншісі – жаратылыстану бойынша тест тапсырмаларынан тұрады. Математика тапсырмалары үш мазмұндық сала бойынша бөлінген: «Сандар», «Геометриялық фигуралар және өлшемдер», «Мәліметтерді визуализациялау». Сонымен қатар әрбір тапсырма мазмұнды салалардан тиісті танымдық салаларға енгізілген: «Білім», «Қолдану» және «Ойлау». Жаратылыстану бойынша барлық тест тапсырмалары, математикадағы сияқты, үш ұқсас танымдық салаға бөлінген және «Өмір туралы ғылым», «Физика» және «Жер туралы ғылым» атты үш мазмұнды бөлімге сәйкес келеді. Әрбір тараудың соңында барлық тест тапсырмаларына жауап кілттері берілген.

Жинақ екі түрдегі тест тапсырмаларын қамтиды: жауап нұсқалары бар (multiple choice questions) және еркін форматтағы жауапты талап ететін ашық сұрақтар (free response questions). Тест тапсырмаларына литерлер қолданылды. Біріншісі танымдық саланы («Б» – «Білім», «Қ» – «Қолдану», «О» – «Ойлау»), екіншісі – пәнді көрсетеді. Мысалы, «БМ4_01» – математика бойынша «Білім» саласындағы тапсырма, «ОМ4_60» – математика бойынша «Ойлау» саласының тапсырмасы, «ҚЖ4_34» – жаратылыстану бойынша «Қолдану» саласының тапсырмасы.

Бұл жинақ математика және жаратылыстану пәндері мұғалімдеріне дидактикалық материал ретінде ұсынылады. Жинақтың тестілерін пайдалану білім сапасын арттырудың және алдағы TIMSS циклдарында нәтижелердің табысты болуының маңызды элементі болады деп үміттенеміз.

МАТЕМАТИКА БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



Математика мектептегі ең маңызды пәндердің бірі болып табылады және адам өмірінің барлық дерлік салаларында күнделікті қолданылады. Математиканы білмей адамдар ақшаны есептеу, уақытты анықтау, заттарды немесе қашықтықты салыстыру сияқты әрекеттерді орындай алмас еді. Математика оңай және күрделі жағдайларды шешуге көмектеседі. Математика кез келген мамандық пен сала үшін де маңызды. Есептеумен тек экономист, бухгалтер, инженер және сәулетшілердің жұмысы емес, сонымен қатар әлеуметтік және гуманитарлық бағыттағы мамандардың жұмысы байланысты. Бүгінгі күні көмекке калькуляторлар мен компьютерлер келгенімен, математиканың базалық білімі мен дағдыларынсыз заманауи адамның ісі тынбайды. Математика логикалық ойлау және пайымдау, қорытынды жасау, негізделген шешімдер қабылдау сияқты біліктіліктерді қалыптастырады.

Бағаланатын пәннің негізгі аспектілері сипатталатын бағалау шеңберлері TIMSS сияқты халықаралық зерттеулердің маңызды және негізгі элементтері болып табылады. TIMSS-тің әр циклында қолданылатын бағалау шеңберлері бір-біріне ұқсас болып келеді. Дегенмен TIMSS энциклопедиясында сипатталатын қатысушы елдердің оқу жоспарлары, стандарттары мен құрылымдары бағалау шеңберлерімен барынша үйлесімді болу үшін әрбір жаңа циклде шеңберлерге аздаған өзгерістер енгізіледі¹.

Бұл бөлімде TIMSS-2015 циклының математика бойынша 4-сыныптарға арналған бағалау шеңберінің сипаттамасы мен тест тапсырмаларының мысалдары келтірілген. TIMSS-2019 циклінің тест тапсырмалары зерттеу аяқталғаннан кейін, яғни шамамен 2021 жылы қол жетімді болады.

TIMSS-2015 циклының математика бойынша 4-сыныптарға² арналған бағалау шеңберіне сәйкес математикалық білім беру сапасы екі өлшеммен анықталады:

- Мазмұнды саланы бағалау
- Танымдық саланы бағалау

Математиканың мазмұнды салалары

Математиканың мазмұнды салалары әр сыныпта пән мазмұнының айырмашылығын көрсете отырып, төртінші және сегізінші сыныптар үшін ерекше қасиеттерге ие болады. Мысалы, төртінші сыныпта, сегізінші сыныпқа қарағанда, сандарға көбірек көңіл бөлінеді. Сегізінші сыныптағы үш мазмұнды саланың екеуі алгебра мен геометрияға жатады. Бұл бағыттар бастауыш мектепте жеке сала ретінде оқытылмайтындықтан төртінші сыныпта бағаланатын алгебраға кіріспе немесе алгебра алды тақырыптар сандар бөліміне енгізілген, ал геометрия саласы «Геометриялық фигуралар және

¹ Mullis, I.V.S., Martin, M.O., Foy, P., & Arora, A. (2012). *TIMSS 2011 international results in mathematics*. Chestnut Hill, MA: TIMSS & PIRLS International Study Center, Boston College.

Mullis, I.V.S., Martin, M.O., Goh, S., & Cotter, K. (Eds.). (2016). *TIMSS 2015 encyclopedia: Education policy and curriculum in mathematics and science*. Получено из сайта Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center: <http://timssandpirls.bc.edu/timss2015/encyclopedia/>.

² Grønmo, L.S., Lindquist, M., Arora, A., & I.V.S. Mullis. (2013). *TIMSS 2015 mathematics framework*. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>.

өлшемдер» бөлімінде көрсетілген. Төртінші сыныпта «Мәліметтерді визуализациялау» саласы деректерді оқуға және түсіндіруге бағытталған, сегізінші сыныпта екпін деректерді түсіндіруге және ықтималдық негіздеріне жасалған.

TIMSS математика бойынша бірқатар аспектілерді бағалайтынын атап өткен жөн және тапсырмалардың шамамен үштен екісі оқушылардың білімді қолдану және ойлау дағдыларын бағалауға бағытталған. Мазмұндық салаларға қарағанда, танымдық салалар екі сынып үшін ұқсас болып келеді, бірақ көлемі жағынан өзгешеліктер бар. Осылайша, төртінші сыныппен салыстырғанда, сегізінші сыныпта «Білім» саласына азырақ, ал «Ойлау» саласына көбірек көңіл бөлінеді. 1.1-кестеде TIMSS-2015-тің мазмұнды салалары және олардың әрқайсысына арналған тестілеу уақытының мақсатты пайыздық үлесі көрсетілген. Әрбір мазмұнды сала тақырыптық бөлімдерден тұрады, ал әр бөлім, өз кезегінде, бірнеше тақырыпты қамтиды.

TIMSS-2019-да 2015-ке ұқсас мазмұнды салалар пайдаланылды, бірақ жалпы жиынтықта «Мәліметтерді визуализациялау» мазмұнды салаға көбірек көңіл бөлінді³. Мысалы, TIMSS-2019-да «Мәліметтерді визуализациялау» саласының пайыздық үлесі 20% болса, «Геометриялық фигуралар және өлшемдер» 30%-ды құрады⁴.

1.1-кесте. TIMSS-2015-гі математиканың мазмұнды салаларының мақсатты пайыздық көрсеткіштері

Мазмұнды сала	Пайыздық арақатынасы
Сандар	50%
Геометриялық фигуралар және өлшемдер	35%
Мәліметтерді визуализациялау	15%

Дереккөз: Exhibit 3-дан Grønmo, L.S-қа бейімделген., Lindquist, M., Arora, A., & I.V.S. Mullis. (2013). TIMSS 2015 mathematics framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Сандар

«Сандар» мазмұнды саласы үш тақырыптық бөлімге жататын білім мен дағдылардан тұрады:

- натуралды сандар және 0 саны⁵ (25%);
- бөлшектер және ондық бөлшектер (15%);
- өрнектер, қарапайым теңдеулер және қатынастар (10%).

³ TIMSS-2019-да осы сала «Мәліметтер» деп аталады. Дереккөз: Exhibit 1.1. в Lindquist, M., Philpot, R., I.V.S. Mullis & Cotter, K.E. (2017). TIMSS 2019 mathematics framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2019 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <http://timssandpirls.bc.edu/timss2019/frameworks/>

⁴ Бұл сала TIMSS-2019-да «Өлшемдер мен геометрия» деп аталады. Дереккөзі 3-сілтемеде.

⁵ Түпнұсқада «Whole numbers» термині қолданылады, ол TIMSS мәнмәтінде нөлді қосқанда, натурал сандарды білдіреді. Ары қарай мәтінде «Натурал сандар» қысқартпасы қолданылады.

TIMSS-2019 бағалау шеңберінде «Бөлшектер және ондық бөлшектер» тақырыптық бөлімінің пайыздық көрсеткіштері TIMSS-2015-тегі 15%-дан 10%-ға және «Өрнектер, қарапайым теңдеулер және қатынастар» бөлімінде 10%-дан 15%-ға өзгертілгенін атап өткен жөн. Бұл дегеніміз – жаңа бағалау шеңберінде «Өрнектер, қарапайым теңдеулер және қатынастар» бөліміне көп көңіл бөлінеді дегенді білдіреді. Натурал сандар сандармен жұмыс жасаудағы кіріспесі болғандықтан, натурал сандар бастауыш мектептегі математиканың негізін қамтамасыз етеді. Осылайша, натурал сандар басым компонент болып табылады және оқушылар натурал сандарды есептеп, есептерді шешу үшін есептеулерді қолдана білуі керек. Алайда нысандар мен шамалар жиі натурал сандар болмағандықтан, оқушылар бөлшектерді көптеген есептеулерде негіз ретінде түсіну маңызды. Оқушылар бөлшектерді және ондық бөлшектерді салыстыра білуі керек. Төртінші сыныпта алгебра алды ұғымдар TIMSS бағалауының бір бөлігі болып табылады, соның ішіне қарапайым теңдеулерде айнымалының (белгісіз) және шамалар арасындағы қатынасты бастапқы түсіну де кіреді.

Сандар: натуралды сандар

1. Сандардың жазбаша жазылуына, сондай-ақ сөз, диаграмма немесе символдар арқылы натуралды сандарды қоса алғанда сандар разрядтарына анықтама беру.
2. Натуралды сандарды салыстыру, реттеу және дөңгелектеу.
3. Натуралды сандармен арифметикалық әрекеттер жүргізу (+, -, ×, ÷).
4. Контекстке қойылған, оның ішінде өлшеулермен байланысты есептерді шешу.
5. Тақ және жұп сандарды анықтау, санның бөлгішін және еселік сандарды анықтау.

Сандар: бөлшектер және ондық бөлшектер

1. Бөлшектің бүтін бөлігі ретінде, сандар жиынтығының бөлігінің анықтамасы, жәй бөлшектің сандық түзуде бейнесі және сөздердің, сандардың немесе модельдердің көмегімен бөлшекті түсіну.
2. Эквивалентті жәй бөлшектерді анықтау, бөлшектерді салыстыру және реттеу, әр түрлі жағдайларда берілген бөлшектерді қосу және азайту.
3. Ондық бөлшектерге, сандарға немесе модельдерге анықтама беру; ондық бөлшектерді салыстыру, реттеу және дөңгелектеу, әр түрлі жағдайларда берілген ондық бөлшектерді қосу және азайту.

Сандар: өрнектер, жай теңдеулер және қатынастар

1. Теңдеудегі жетіспейтін санды табу (мысалы, $17 + w = 29$).
2. Теңдеулер көмегімен мәтіндік есептерді шешу.
3. Зандылықтарды іздеуге арналған есептерді шешу (мысалы, сандар арасындағы өзара байланысты сипаттау және натуралды сандардың барлық жұбын құру).

Геометриялық фигуралар және өлшемдер

Біз әр түрлі пішіндер мен өлшемдердің нысандарымен қоршалғанбыз, және геометрия бізге пішіндер мен өлшемдердің арасындағы қарым-қатынасты визуализациялау мен

түсінуге көмектеседі. Бұл тақырыптық бөлім өлшеулерді, координаттық жазықтықты, сызықтарды және бұрыштарды түсінуге арналған. Ол сондай-ақ кеңістіктегі беттің ауданы мен геометриялық фигуралардың көлемін есептеуді қамтиды. «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер» мазмұнды саласы екі тақырыптық бөлімнен тұрады:

- Нүктелер, сызықтар және бұрыштар;
- Екі өлшемді және үш өлшемді фигуралар.

Төртінші сыныпта оқушылар сызықтардың, бұрыштардың және әртүрлі геометриялық фигуралардың қасиеттері мен сипаттамаларын, оның ішінде екі өлшемді және үш өлшемді фигураларды анықтай білуі тиіс. Кеңістіктік сезім геометрияны зерттеудегі ажырамас бөлігі болып табылады және оқушылар әртүрлі геометриялық фигураларды сипаттай алуы және сурет сала алулары керек. Олар сондай-ақ геометриялық қатынастарды талдай білуі және есептерді шешу үшін осы қатынастарды пайдалана білуі тиіс. Оқушылар ұзындығы, бұрышы, ауданы және көлемі сияқты физикалық сипаттамаларды өлшеуге арналған құралдарды пайдалана білуі тиіс, сондай-ақ шаршы және тікбұрыштардың аудандары мен периметрлерін есептеуге арналған қарапайым формулаларды пайдалана білуі керек.

Геометриялық фигуралар және өлшемдер: нүктелер, сызықтар және бұрыштар

1. Ұзындығын өлшеу және анықтау.
2. Параллель және перпендикулярлы түзулерді анықтау және құру.
3. Бұрыштардың түрлі түрлерін анықтау, салыстыру және құру (мысалы, сүйір, тік және доғал бұрыштар).
4. Жазықтықтағы нүктенің орнын анықтау үшін координаттар жүйесін пайдалану.

Геометриялық фигуралар және өлшемдер: екі өлшемді және үш өлшемді фигуралар

1. Осьтік және орталық симметрияны қоса алғанда, типтік екі және үш өлшемді геометриялық фигураларды сипаттау және салыстыру үшін қарапайым қасиеттерін пайдалану.
2. Үш өлшемді фигуралардың екі өлшемді көріністерімен арақатынасы.
3. Көпбұрыштардың периметрлерін, квадраттар ауданын есептеу.
4. Геометриялық фигураларды бірдей кубиктармен толтыра отырып ауданы мен көлемін есептеу.

Деректерді көрнекілеу

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда деректерді жаппай тарату сандық ақпараттың визуалды көріністеріне әкелді. Интернет, газеттер, журналдар, оқулықтар, анықтамалықтар және мақалалар жиі диаграммалар, кестелер және графиктер түрінде ұсынылған деректерді қамтиды. Оқушылар графиктер мен диаграммалар ақпаратты немесе санаттарды реттеуге көмектесетінін және деректерді салыстыру тәсілін қамтамасыз ететінін түсінуі тиіс.

«Деректерді көрнекілеу» бір тақырыптық бөлімнен тұрады:

- Оқу, түсіндіру және ұсыну.

Сонымен қатар, TIMSS-2019 бағалау шеңберінде бұл сала екі тақырыптық бөлімнен тұрды: «Оқу, түсіндіру және ұсыну» (15%) және «Есептерді шешу үшін деректерді қолдану» (5%).

TIMSS-2015 шеңберіне сәйкес, оқушылар төртінші сыныпта мәліметтерді визуализациялаудың әр түрлі формаларын оқи және тани білуі тиіс. Жай проблемалық жағдайды және жиналған мәліметтерді ескере отырып, оқушылар мәліметтерді жинауға негіз болған сұрақтарға жауап беретін графиктер мен диаграммалар түрінде деректерді ұйымдастыруға және ұсынуға қабілетті болуы тиіс. Оқушылар деректердің сипаттамасын салыстыра білуі және деректерді визуализациялау негізінде қорытынды жасай білуі тиіс.

Мәліметтерді визуализациялау: оқу, түсіндіру және ұсыну

1. Кестелерден, пиктограммалардан, гистограммалардан, сызықтық және дөңгелек диаграммалардан деректерді оқу, салыстыру және ұсыну.
2. Көрсетілетін деректердің қарапайым оқу шеңберінен шығатын сұрақтарға жауап беру үшін деректерді көзбен шолу арқылы ақпаратты пайдалану.

Математиканың танымдық салалары

TIMSS тест тапсырмаларына дұрыс жауап беру үшін оқушылар математиканың мазмұндық бөлігімен ғана таныс болмауы керек, сонымен қатар оларға танымдық дағдыларды қолдану қажет.

Бірінші танымдық сала – «Білім» – оқушылар білуі тиіс фактілер, тұжырымдамалар мен процедураларды қамтиды. Екінші сала – «Қолдану» – тапсырмаларды шешу немесе сұрақтарға жауап табу үшін оқушылардың білім мен тұжырымдамалық түсініктерді қолдану қабілетіне негізделеді. Үшінші сала – «Ойлау» – бейтаныс жағдайларды, күрделі контекстерді және көпсатылы тапсырмаларды қамту үшін күнделікті тапсырмаларды шешу шеңберінен шығады (1.2-кесте). Осылайша, танымдық салалар оқушылардың ойлау дағдыларының кең спектрін қамтиды.

1.2-кесте. TIMSS-2015-те математиканың танымдық салаларының пайыздық көрсеткіштері

Танымдық сала	Пайыздық арақатынасы
Білім	40%
Қолдану	40%
Ойлау	20%

Дереккөз: Exhibit 4-дан Grønmo, L.S.-ға бейімделген, Lindquist, M., Arora, A., & I.V.S. Mullis. (2013). TIMSS 2015 mathematics framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Білім

Математиканы қолдану немесе математикалық есептер туралы ойлау математикалық ұғымдарды білуіне және математикалық дағдыларды еркін меңгеруіне байланысты. Оқушы неғұрлым маңызды білімді еске түсіре алса және түсіну шеңбері неғұрлым кең болса, көптеген тапсырмаларды орындауға мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Тілді, негізгі фактілерді, сандардың шарттылығын, символдық көріністі және кеңістіктік қатынастарды оңай еске түсіруге мүмкіндік беретін білім базасына қол жеткізбей, оқушы үшін мақсатты математикалық ойлау мүмкін болмайды. Фактілер математиканың негізгі тілін қамтамасыз ететін білімді, сондай-ақ математикалық ойлау үшін фундамент қалыптастыратын негізгі математикалық ұғымдар мен қасиеттерді қамтиды.

1.3-кесте. «Білім» танымдық саласының сипаттамасы

Еске түсіру	Анықтауларды, терминологияны, сандық қасиеттерін, өлшем бірліктерін, геометриялық қасиеттері мен белгілеулерін қалпына келтіру (мысалы, $a \times b = ab$, $a + a + a = 3a$).
Тану	Сандар, өрнектер, шамалар мен формаларды тану. Эквивалентті математикалық нысандарды тану (мысалы, эквивалентті бөлшектер, ондық бөлшектер және пайыздар; қарапайым геометриялық фигуралардың әртүрлі орналасу тәсілдері).
Жіктеу / реттеу	Жалпы қасиеттері бойынша сандарды, өрнектерді, шамаларды және формаларды жіктеу.
Есептеу	Алгоритмдік процедураларды $+$, $-$, $\times$, $\div$ немесе натурал сандардың, бөлшектердің, ондық бөлшектердің және бүтін сандардың үстінен арифметикалық әрекеттерді орындау. Қарапайым алгебралық есептеулерді орындау.
Алу	Кестелерден, графиктерден, мәтіндерден немесе басқа да дереккөздерден ақпарат алу.
Өлшеу	Өлшеу құралдарын пайдалану және тиісті өлшем бірліктерін таңдау.

Дереккөз: Grønmo, L.S.-ке 26-беттегі кестеден бейімделген, Lindquist, M., Arora, A., & I.V.S. Mullis. (2013). TIMSS 2015 mathematics framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Қолдану

Бұл сала математиканың түрлі контекстерінде қолданылуын қамтиды. Бұл салада фактілер, ұғымдар мен рәсімдер, сондай-ақ проблемалар оқушыға таныс болуы тиіс. Осы саламен байланысты кейбір тапсырмаларда оқушылар фактілер,

дағдылар мен рәсімдер туралы математикалық білімді қолдануы немесе визуалды түсініктерді жасау үшін математикалық тұжырымдамаларды түсінуін көрсетуі тиіс. Идеяларды ұсыну математикалық ойлау мен коммуникацияның өзегін қалыптастырады, ал балама көріністерді жасау қабілеті осы пәнде табысқа жету үшін негіз болып табылады.

Проблемаларды шешу «Қолдану» саласында әдеттегі және күнделікті тапсырмаларға баса назар аудара отырып, орталық орынға ие. Есептер нақты өмірлік жағдайлардан туындауы немесе тек математикалық мәселелерге қатысты болуы мүмкін, мысалы, сандық немесе алгебралық өрнектермен, функциялармен, теңдеулермен, геометриялық фигуралармен немесе статистикалық деректер жиынтығымен.

1.4-кесте. «Қолдану» танымдық саласының сипаттамасы

Анықтау	Әдетте, шешу әдістері көрсетілген тапсырмаларды орындауға арналған тиімді/тиісті операцияларды, стратегиялар мен құралдарды анықтау.
Ұсыну/моделдеу	Мәліметтерді кестелер немесе графиктер түрінде ұсыну; проблемалық жағдайларды модельдейтін теңдеулер, теңсіздіктер, геометриялық фигуралар немесе диаграммалар құрастыру; белгілі бір математикалық объектіге немесе қарым-қатынасқа баламалы түсініктер құру.
Қолдану	Таныс математикалық ұғымдар мен процедураларға байланысты тапсырмаларды шешу үшін стратегиялар мен операцияларды пайдалану.

Дереккөзі: Grønmo, L.S-ке 27-беттегі кестеден бейімделген, Lindquist, M., Arora, A., & I.V.S. Mullis. (2013). TIMSS 2015 mathematics framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Ойлау

Бұл сала логикалық, жүйелі ойлауды көздейді. Ол жаңа немесе бейтаныс жағдайларда туындайтын міндеттерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін заңдылықтар мен кезеңділікке негізделген интуитивті және индуктивті ойлауларды қамтиды. Мұндай тапсырмалар тек математикалық немесе нақты өмірлік жағдайларға жақын болуы мүмкін. Тапсырманың екі түрі де жаңа жағдайларда білім мен дағдыларды пайдалануды болжайды және талқылау дағдылары арасындағы өзара іс-қимыл әдетте осындай тапсырмалардың ерекшелігі болып табылады.

«Ойлау» саласындағы көптеген танымдық дағдылар жаңа немесе күрделі тапсырмаларды ойластыру және шешу кезінде пайдаланылуы мүмкін екеніне қарамастан, олардың әрқайсысы жалпы тұрғыда оқушылардың ой-өрісіне әсер ететін математикалық білімнің құнды нәтижесін көрсетеді. Мысалы, ойлау ойларды бақылау және құру қабілетін

болжайды. Ол сондай-ақ нақты болжамдар мен ережелер негізінде логикалық тұжырымдар жасай білу және нәтижелерді негіздеу қабілетін қамтиды.

1.5-кесте. «Ойлау» танымдық саласының сипаттамасы

Талдау	Сандар, өрнектер, шамалар және формалар арасындағы қатынасты анықтау, сипаттау немесе пайдалану.
Біріктіру / Синтездеу	Тапсырмаларды шешу үшін білім мен процедуралардың әр түрлі элементтерін біріктіру.
Бағалау	Тапсырмаларды шешудің баламалы стратегияларын және оларды шешу тәсілдерін бағалау.
Қорытынды жасау	Ақпарат пен дәлелдер негізінде қорытындылау.
Жалпылау	Жалпы және кеңінен қолданылатын терминдердің арақатынасты білдіретін дәлелдерді келтіру.
Негіздеу	Есептерді шешудің математикалық дәлелдерін ұсыну.

Дереккөз Grønmo, L.S.-ке 27 – беттегі кестеден бейімделген, Lindquist, M., Arora, A., & I.V.S. Mullis. (2013). TIMSS 2015 mathematics framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Білім

1.1. Сандар

БМ4_01

Үш мың жиырма үш саны былай жазылады:

☐ А 323

☐ С 30 023

☐ В 3 023

☐ D 300 023

БМ4_02

Ермек әрбір қатарда 8 ағаштан 5 қатар ағаш отырғызды.

Ермек барлығы қанша ағаш отырғызды?

☐ А 13

☐ С 35

☐ В 32

☐ D 40

БМ4_03

Қай қатарда ТЕК 3-ке бөлінетін сандар ғана жазылған?

☐ А 6, 15, 21

☐ С 31, 32, 33

☐ В 3, 13, 23

☐ D 9, 15, 26

БМ4_04

Қосуды орында:

$$0,36 + 0,77 =$$

Жауабы: _____

БМ4_05

Бөлуді орында:

$$43 : 5 =$$

Жауабы: _____

БМ4_06

Марат сандық тізбек жаза бастады:

6, 13, 20, 27, ?

Ол келесі санды табу үшін әр жолы белгілі бір санды қосып отырды.

Ол өзінің үлгісінде келесі қандай санды жазуы керек?

Жауабы: _____

БМ4_07

Амалды орында:

$$4\,809 - 532 =$$

Жауабы: _____

БМ4_08

Амалды орында:

$$428 - 176 =$$

Жауабы: _____

БМ4_09

Берілген сандардың Ең кішісі қайсысы?

☐ А 0,2

☐ С 0,23

☐ В 0,03

☐ D 0,3

БМ4_10

$$\square - 87 = 23$$

Берілген теңдік дұрыс болуы үшін жақтауға қандай сан қою керек?

A 64

C 104

B 100

D 110

БМ4_11

52 093 – 4 136 айырмасының мәніне ең жақын келетін санды көрсет.


A 10 000

C 50 000

B 40 000

D 60 000

БМ4_12



Сандық түзуде орналасқан бағдарша қай санды көрсетіп тұр?

Жауабы: _____

БМ4_13

Қай тіктөртбұрыштың $\frac{1}{4}$ бөлігі боялған?

A



B



C




D



БМ4_14

Зарина тақтаға сан жазды. Содан кейін Арман бұл санның екі цифрын өшіріп тастады.



Зарина жазған санның 6 ондығы бар. Ол қандай сан болуы мүмкін?

A 5 668

C 56 608

B 56 008

D 56 668

БМ4_15

Сандардың қайсысы 1 362: 32 бөліндісіне бәрінен жуық?


A 400

C 16

B 40

D 4

БМ4_16



Барлық 10 дөңгелектің қандай БӨЛІГІН қара түсті дөңгелектер құрайды?

Жауабы: _____

БМ4_17

Төмендегі бөлшектердің ЕҢ ҮЛКЕНІ қайсысы?

A $\frac{1}{2}$

C $\frac{1}{4}$


B $\frac{1}{3}$

D $\frac{1}{5}$

1.2. Геометриялық фигуралар және өлшемдер

БМ4_18

Марат берілген шеңбердің ішіне фигура сала бастады. Ол кесінділермен 12 мен 3 және 3 пен 6 нүктелерін қосты.



6 мен 9, 9 бен 12 нүктелерін қосып, осы фигураны салуды аяқта. Қандай фигура шықты?

☐ А шеңбер



☐ С шаршы

☐ В бесбұрыш

☐ D үшбұрыш

БМ4_19

Берілген екі үшбұрыш үшін қай пайымдау дұрыс болып табылады?



☐ А әр үшбұрыштың екі тең қабырғасы бар

☐ В әр үшбұрыштың барлық қабырғаларының ұзындықтары әр түрлі

☐ С әр үшбұрыштың тік бұрыштан үлкенірек бұрышы бар

☐ D әр үшбұрыштың тік бұрышы бар

БМ4_20


Суретте куб берілген. Оның неше қабырғасы бар?

A 9

C 11

B 10


D 12




БМ4_21

Қай суретте параллель түзулердің жұбы көрсетілген?

Ⓐ



Ⓑ



Ⓒ



Ⓓ



БМ4_22

Төменде тік төртбұрыштар туралы бірнеше тұжырымдар келтірілген. Сәйкес торкөзге берілген тұжырым дұрыс немесе қате екенін көрсету үшін X белгісін қой.

A Тіктөртбұрыштың 4 қабырғасы бар.

Дұрыс

Қате

☐
☐

B Оның барлық қабырға ұзындығы бірдей болуы керек

☐
☐

C Оның барлық бұрыштары тік.

☐
☐

D Оның екі жұп параллель қабырғасы бар

☐
☐

БМ4_23

Мм, см, м немесе км өлшемдерін пайдаланып, әр сөйлемге өлшем бірлігін жаз.

Баланың бойы 490 _____


Орман арқылы өтетін жолдың ұзақтығы 3 _____

Машинаның ұзындығы 4 _____


БМ4_24

Келесі фигуралардың қайсысында симметрия осі бар?


A




C



B




D



БМ4_25

Қай суретте жүргізілген түзуге қатысты симметриялы ЕМЕС фигура бейнеленген?


A




B



C



D



1.3. Мәліметтерді визуализациялау

БМ4_26

Тұмардың сыныбындағы бірнеше оқушылар мектеп мейрамында қораптағы печенье сатты.

Төмендегі кестеде осы оқушылардың әрқайсысы қанша қорап сатқаны көрсетілген.

Есімі	Тұмар	Мұрат	Ерлан	Күләш	Берік	Қуан
Сатылған қораптар саны	12	7	8	11	13	10

ҚАНША оқушы 10 қораптан артық печенье сатты?

Жауабы: _____

БМ4_27




Диаграмма «Жауабын тап» сайтына 5 күннің ішінде қанша адамның кіргенін көрсетеді. Сәрсенбі күні сайтқа қанша адам кірді?

Жауабы: _____

БМ4_28

Триатлон жарысында спортшылар алдымен жүзеді, содан кейін велосипедте жүреді, сонан соң жүгіреді. Кестеде Қарлығаш, Бибігүл және Санияның нәтижелері келтірілген. Кестеде қыздардың бірінің триатлонда көрсеткен қорытынды уақыты жазылған.

Триатлон нәтижелері (минутпен)

	Қарлығаш	Бибігүл	Сания
Жүзу	35	25	50
Велосипедте жүру	80	90	85
Жүгіру	135	130	120
Барлығы:	250		

Жарысты ең аз минут жұмсап аяқтаған жеңіске жетеді. Триатлонды қай қыз жеңді? Оның неше минуты жұмсалды?

Жауабы: _____ минут

Қолдану

1.4. Сандар

ҚМ4_29

Ереже: **Б** бағанындағы санды табу үшін, **А** бағанындағы санды 4-ке көбейтіп, содан кейін 1-ді қос.

Бұл ережені төменгі кестені толтыру үшін қолдан.

А бағаны	Б бағаны
2	
5	

ҚМ4_30

Сандық өрнек дұрыс болуы үшін Δ қандай сан болуы керек?

$$6 + 15 = \Delta + 10$$

☐ А 11

☐ С 25

☐ В 21

☐ D 31

ҚМ4_31

Майрада 50 зед (ақша айналымы) бар. Әр кітаптың бағасы 12 зед.

Майра осы кітаптардың ең көп қанша данасын сатып ала алады?

Жауабы: _____

ҚМ4_32

Пойыз Жайсаннан таңертең 7 сағат 52 минутта шығады, және Арасанға сол күні 11 сағат 06 минутта келеді.

Осы жолға қанша уақыт кетеді?

Жауабы: _____ сағат _____ минут

ҚМ4_33

Дулатта 20 зед (ақша айналымы) бар. Ол 3,65 зедке кітап сатып алды. Ол тағы 2,70 зедке журнал сатып алды.

Дулаттың қанша ақшасы қалды?

A 6,35 зед

C 14,65 зед

B 13,65 зед

D 16,35 зед

ҚМ4_34

Қандай сан 300-ге бәрінен де жақын?

A 275

C 307

B 291

D 320

ҚМ4_35

Серік 24 жаста. Ол Таңшолпаннан жасқа үлкен. Келесі өрнектердің қайсысы Таңшолпанның жасын білдіреді?

A $24 - \text{}$

C $\text{} - 24$

B $\text{} + 24$

D $24 \times \text{}$

ҚМ4_36

Алма шырынының шөлмегі 1,87 зед (ақша айналымы) тұрады. Апельсин шырынының шөлмегі 3,29 зед тұрады Ғанида 4 зед бар.

Ғаниға екі шөлмекті де сатып алу үшін тағы қанша ақша қажет?

A 1,06 зед

C 5,06 зед

B 1,16 зед

D 5,16 зед

ҚМ4_37

Кестеде берілген сандарға қара:


А бағаны	Б бағаны
1	2
2	5
3	10
4	17

Қандай ереже **Б** бағанындағы жазылған сандарды алуға мүмкіндік береді?

- ☐ **A** А бағанындағы санды өзін өзіне көбейтіп, содан кейін 1-ді қосу
- ☐ **B** А бағанындағы санды 3-ке көбейтіп, одан 1-ді азайту.
- ☐ **C** А бағанындағы санды өзін өзіне көбейтіп, одан 1-ді азайту
- ☐ **D** А бағанындағы санды 2-ге көбейту.

1.5. Геометриялық фигуралар және өлшемдер

ҚМ4_38




Бұл фигура шаршылардан құралған. Әр шаршының қабырғасы 2 см-ге тең.

Осы фигураның периметрі нешеге тең?

- ☐ **A** 9 см ☐ **C** 28 см
- ☐ **B** 14 см ☐ **D** 36 см

ҚМ4_39

Мына фигураның БАРЛЫҚ симметриялық осін сыз.



ҚМ4_40

Тіктөртбұрышты және үшбұрышты қатар қою арқылы мына фигуралардың қайсысын құрастыруға болады?

А



С



В



D




ҚМ4_41

Бақтың жолында жылан жатыр. Жол мынадай плиткалардан жасалған:



Егер жылан түзуленсе, оның ұзындығы шамамен қанша плиткаға тең болар еді?



А

3

С

5

В

4

D

6

ҚМ4_42



Нұржан өз үйінен Жамбылдың үйіне дейін жолмен 40 метр жаяу жүреді. Содан кейін мектепке жету үшін ол жолын жалғастырады.

Нұржанның үйінен мектепке дейінгі жолдың ұзындығы қандай?

A 40 м


C 100 м

B 80 м

D 130 м

ҚМ4_43

Марал және Аман сандық түзуде ойын ойнауға кірісті. Әрбір жүріс оңға немесе солға болуы тиіс.



A. Марал 27 нүктеден бастап 10 бірлікке жылжыды. Ол 17 нүктеде тоқтады. Басқа қандай нүктеде ол тоқтауы мүмкін?

Жауабы: _____

B. Аман 35 нүктеден бастап сол жаққа 13 бірлікке жылжыды. Кейін ол тағы 2 бірлікке жылжыды. Ол қай нүктеде тоқтауы мүмкін?

A 22 м

C 48 м

B 24 м

D 50 м

ҚМ4_44



3:00 уақытта сағаттың тілдері тік бұрышта орналасады. Тағы қандай уақытта сағаттың тілдері тік бұрышта орналасады?

A 3:15

C 9:00

B 3:45

D 9:45

ҚМ4_45

Бесбұрыштың периметрі 30 сантиметрге тең. Үш қабырғасының әрқайсысының ұзындығы 4 см-ге тең. Басқа екі, а және b қабырғаларының ұзындықтары бірдей.

а қабырғасының ұзындығы нешеге тең?

A 6 см


C 12 см

B 9 см


D 18 см

ҚМ4_46

Төмендегі фигураға А осіне қатысты симметриялы фигураны сал.



ҚМ4_47



1 см

Үшбұрыш қабырғасы 1 см шаршылардан тұратын торда бейнеленген. Оның ауданы неге тең?

А 4,5 см²С 9 см²В 6 см²D 9,5 см²

ҚМ4_48



Кеме В2 шаршысында апатқа ұшырады.

Қаракшыға қазынаға қалай жетуге болатынын түсіндіріп берді:

Пальманың түбіне тұр (🌴)

Батысқа қарай 3 шаршы жүр.

Одан кейін оңтүстікке қарай 2 шаршы жүріп, сол жерден қазына табасың.

Қазына қай шаршыда орналасқан?

Жауабы: _____

ҚМ4_49

Қорап текшелермен толтырылған.

Осы қорапта барлығы қанша текше бар?

A 10

C 30

B 26

D 31



ҚМ4_50


Үшбұрыш қабырғасы 1 см шаршылардан тұратын торкөзде салынған. Үшбұрыштың ауданы неге тең?

A 4 см^2

C 12 см^2


B 8 см^2

D 16 см^2




ҚМ4_51

Суретте қабырғаға сүйеген саты бейнеленген. А нүктесінен қабырғаға перпендикуляр түзу жүргіз.



1.6. Мәліметтерді визуализациялау

ҚМ4_52



Дулаттың бойы қай жасында басқалардан көп өсті?

A 10 мен 11 жаста **C** 12 мен 13 жаста

B 11 мен 12 жаста **D** 13 пен 14 жаста

ҚМ4_53

Төмендегі кесте үлкен жыландардың өлшемдерін көрсетеді.

Жыландардың түрлері	Салмағы (килограмм)	Ұзындығы (метр)
Айдаһар жылан	27	4
Бирмандық питон	90	5-тен 7-ге дейін
Жасыл анаконда	227	6-дан 9-ға дейін
Патшалық кобра	9	4

А. Жанат ұзындығы 8 метр жыланды көрді. Бұл жыланның қандай түрі екенін анықтаңыз?

Жауабы: _____

В. Найля ұзындығы 6 метр және салмағы шамамен 80 килограмм жыланды көрді. Бұл жыланның қандай түрі екенін анықтаңыз?

Жауабы: _____

ҚМ4_54

Талғат телефон үшін 2008 жылдың бірінші алты айына төменде көрсетілгендей ақша төледі.

Талғаттың 2008 жылғы телефонға есебі

Айлар	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым
Құны (зедпен алғанда)	65	20	60	40	60	45

Талғат телефон үшін 2009 жылдың бірінші алты айына төменде көрсетілгендей ақша төледі.

Талғаттың 2009 жылғы телефонға есебі



Талғат 2008 жылға қарағанда 2009 жылдың кейбір айларына телефон үшін азырақ төледі. Қай айлары?

Жауабы: _____

ҚМ4_55

Мектептен соң кейбір оқушылардың немен айналысатыны шеңберлі диаграммада көрсетілген. Шеңберлі диаграмма бірдей 10 бөлікке бөлінген.

20 оқушының кітап оқығаны белгілі.

Қанша оқушы достарымен кездеседі?



A 40

B 60

C 80

D 100

ҚМ4_56

Мұғалім Роза Мұқышқызы өзінің сыныбындағы оқушылардан жақсы көретін түстерін айтуын сұрады. Ол әр оқушының жауабын тақтаға жазды:

Сара – жасыл

Сара – жасыл

Талғат – көк

Талғат – көк

Рауан – қоңыр

Рауан – қоңыр

Сәуле – қызыл

Сәуле – қызыл

Майра – жасыл

Майра – жасыл

Димаш – көк

Димаш – көк

Әсел – сары

Әсел – сары

Ләззат – көк

Ләззат – көк

Содан кейін Роза Мұқышқызы оқушыларға осы нәтижелерді көрсететін кесте жасауды сұрады. Кестеге жазылмай қалған сандарды қой.

Түстер	Осы түстер ұнайтын оқушылардың саны
Көк	4
Қоңыр	
Жасыл	3
Қызыл	4
Сары	

ҚМ4_57




Диаграмма «Жауабын тап» сайтына 5 күннің ішінде қанша адамның кіргенін көрсетеді. Жұма күні сейсенбі күніне қарағанда сайтқа қанша адам көп кірді?

A 1 000


C 3 000

B 2 000

D 4 000

ҚМ4_58

Диаграммада төрт адамның жасы көрсетілген.



Сағат Құралайдан қанша жас үлкен?

A 5

C 15

B 10

D 20

ҚМ4_59

Мұғалім Айгүл Қайроллақызы өз сыныбының оқушыларынан мектептен кейін не істегендерін сұрады.


Міне, оқушылардың 3 түрлі әрекеттері бойынша, сұрақ-жауаптарының нәтижесі.

Әрекеттер түрі	Оқушылардың саны
Спортпен шұғылданды	IIII
Теледидар көрді	IIII III
Оқыды	IIII IIIII

Айгүл Қайроллақызы осы әрекеттердің әр түрімен шұғылданған оқушылар санын көрсететін бағандық диаграмма құра бастады.

Диаграмманы аяқта: екі басқа бағанды белгіле және құр.

ҚМ4_59 (жалғасы)



Ойлау

1.7. Сандар

ОМ4_60

Алдияр 4 таңбалы саннан тұратын жұмбақ ойлап тапты:

Жүздік шамада цифр 7-ге тең.

Мыңдық шамадағы цифр жүздік шамадағы цифрға қарағанда көбірек.

Бірлік шамадағы цифр жүздік шамадағы цифрға қарағанда азырақ.

Алдияр қандай сан ойлап тапты?

☐ А 2 708

☐ С 8 726

☐ В 4 733

☐ D 9 718

ОМ4_61

Бинұрда 12 сым кесіндісі, 40 дөңгелек моншақ және 48 дана інжу бар.

Ол 1 білезік әзірлеу үшін 1 сым кесіндісін, 10 дөңгелек моншақ және 8 дана інжуді пайдаланады.

Егер Бинұр барлық білезіктерді біркелкі әзірлейтін болса, онда ол қанша білезік әзірлеуі мүмкін?

☐ А 40


☐ С 5

☐ В 12

☐ D 4

ОМ4_62

А. Қай шеңбер ауданының $\frac{3}{8}$ боялған?



В. Өзіңнің жауабыңның дұрыстығын түсіндір немесе суретте көрсет.

ОМ4_63

Болаттың сатып алғаны 22 зед (ақша айналымы) тұрды:



Жансұлудың сатып алғаны 14 зед тұрды:



А. және бірге қанша тұрады?

Жауабы: _____ зед

В. ? қанша тұрады?

Жауабы: _____ зед

ОМ4_64

Төменде көрсетілгендей жапсырмалары бар орамда төрт сурет қайталанады.



Бұл орамның 39-шы жапсырмасында қандай сурет болады?

A



C




B




D



ОМ4_65



Қосқанда ең үлкен жауап шығу үшін, мына үлестірме қағаздарды бос шаршыларға орналастыр. Әр үлестірме қағазды тек бір рет қолдануға болады.



ОМ4_66

**ОЙЛАНҒАН САНДЫ ТАБУҰҰШІН ҚАЖЕТТІ
НҰСҚАУЛАР**

Бұл сан 5 000-нан кем.


Бұл санды жазудағы әрбір цифр – жұп.

Бұл санды жазудағы әрбір цифр – әртүрлі.

Айтылған үш қасиеттердің барлығына ие ең үлкен қандай сан?

Жауабы: _____

ОМ4_67



Қабырға 9 қатар кірпіштен қаланған. Қабырғаның биіктігі 180 см. 4 қатар кірпіштен қаланған қабырғаның биіктігі қандай болар еді?

A 40 см

C 100 см


B 80 см

D 140 см

1.8. Геометриялық фигуралар және өлшемдер


ОМ4_68

1. Шеңбердің ішіне барлық қабырғаларының ұзындығы бірдей үшбұрыш сал.



Қандай нүктелерді бір-бірімен қостың? _____

2. Шеңбердің ішіне барлық қабырғаларының ұзындығы бірдей алтыбұрыш сал.



ОМ4_69

Осы фигура шаршыдан және тікбұрыштан құралған.

Тікбұрыштың ені шаршының еніне тең.

Тікбұрыштың ұзындығы оның енінен екі есе үлкен.


Бұл фигураның периметрін есепте.

A 28 см

B 32 см

C 36 см

D 40 см




ОМ4_70

Қандай дайындамадан текше жасауға болады?


Ⓐ




Ⓑ



Ⓒ




Ⓓ



ОМ4_71

Келесі кеңістіктік фигуралардың әрқайсысы өлшемдері бірдей текшелерден құралған. Барлық фигуралар қабырғаға тақалған.



Көлемі ең үлкен фигура қайсы?


☐ А А фигурасы ☐ С С фигурасы

☐ В В фигурасы ☐ D D фигурасы

1.9. Мәліметтерді визуализациялау

ОМ4_72

Рамазан бір апта бойы өз мектебінің оқушыларының қаншасы күнделікті кешке теледидар көретіні туралы мәлімет жинады. Қай диаграммада Рамазан жинаған мәліметтер көрсетілуі мүмкін?



ОМ4_73

Триатлон жарысында спортшылар алдымен жүзеді, содан кейін велосипедте жүреді, сонан соң жүгіреді. Кестеде Қарлығаш, Бибігүл және Санияның нәтижелері келтірілген. Кестеде қыздардың бірінің триатлонда көрсеткен қорытынды уақыты жазылған.

Триатлон нәтижелері (минутпен)

	Қарлығаш	Бибігүл	Сания
Жүзу	35	25	50
Велосипедте жүру	80	90	85
Жүгіру	135	130	120
Барлығы:	250		

Сания келесі жылы триатлонда ең аз уақыт көрсеткісі келеді. Қарлығаш пен Бибігүлді жеңу үшін оған спорттың қай түрінен нәтижесін жақсартуы керек?

Бір торкөзді белгіле.

☐

Жүзу

☐

Велосипедте жүру

☐

Жүгіру

Өз жауабыңды кестеде келтірілген нәтижелерді пайдаланып, түсіндір.

Математика бойынша жауаптар

Білім



Сандар		
БМ4_01		B
БМ4_02		D
БМ4_03		A
БМ4_04		1.13
БМ4_05		8,6
БМ4_06		34
БМ4_07		4 269
БМ4_08		252
БМ4_09		B
БМ4_10		D
БМ4_11		C
БМ4_12		9.87
БМ4_13		D
БМ4_14		D
БМ4_15		B
БМ4_16		$\frac{4}{10}$ немесе $\frac{2}{5}$
БМ4_17		A

Геометриялық фигуралар және өлшемдер		
БМ4_18		C
БМ4_19		D
БМ4_20		D
БМ4_21		A
БМ4_22		Дұрыс Қате Дұрыс Дұрыс
БМ4_23		Баланың бойы 490 мм Орман арқылы өтетін жолдың ұзындығы 3 км Машина ұзындығы 4 м
БМ4_24		D
БМ4_25		A

Мәліметтерді визуализациялау		
БМ4_26		3 (үш адамның аттарын қабылдаңыз).
БМ4_27		8 000
БМ4_28		Бибигуль, 245 минутта

Қолдану

Сандар		
ҚМ4_29	9 және 21	
ҚМ4_30	А	
ҚМ4_31	4	
ҚМ4_32	3 сағ. 14 мин	
ҚМ4_33	В	
ҚМ4_34	С	
ҚМ4_35	А	
ҚМ4_36	В	
ҚМ4_37	А	

Геометриялық фигуралар және өлшемдер		
ҚМ4_38	С	
ҚМ4_39	Барлық 4 сызық дұрыс салынған және ешқандай қате сызықтар сызылмаған. Симметриялық сызық тордың бойымен түзу өту шарт емес.	
		
ҚМ4_40	А	
ҚМ4_41	В	
ҚМ4_42	С	
ҚМ4_43	А сұрағына -37, В сұрағына – В варианты	
ҚМ4_44	С	
ҚМ4_45	В	
ҚМ4_46	Төменде көрсетілгендей фигура дұрыс бейнеленген:	
		
ҚМ4_47	А	
ҚМ4_48	ЕЗ (ЗЕ қабылданбайды)	
ҚМ4_49	С	
ҚМ4_50	В	
ҚМ4_51	А нүктесі бойымен түзу сызыққа перпендикуляр келеді. Түзу А нүктесі арқылы сызылып, қабырғамен дұрыс позициядан 2 мм шамасында қиылысуы тиіс.	

Мәліметтерді визуализациялау		
ҚМ4_52	Д	
ҚМ4_53	Тапсырманың екі бөлімі (А және В) дұрыс орындалған. А. Жасыл анаконда / В. Бирмандық питон	
ҚМ4_54	Наурыз және Сәуір және басқа ешқандай айлар берілмеген.	
ҚМ4_55	С	
ҚМ4_56	Қоңыр 2 / Сары 3	
ҚМ4_57	Д	
ҚМ4_58	С	

ҚМ4_59	Екі баған да дұрыс салынған немесе белгіленген. «Спортпен шұғылданды» бағаны 4,5 және 5,5 арасында болуы қажет (тек қана). «Теледидар көрді» бағаны 6,5 және 7,5 арасында болуы қажет.
--------	--


Ойлау

Сандар	
ОМ4_60	С
ОМ4_61	D
ОМ4_62	А сұрағына – С; В сұрағына 8 сектор көрсетілген, оның 3-уі боялған
ОМ4_63	А сұрағына – 8; В сұрағына – 3.
ОМ4_64	С
ОМ4_65	$53 + 42$ немесе $42 + 53$ немесе $52 + 43$ немесе $43 + 52$
ОМ4_66	4 862
ОМ4_67	В

Геометриялық фигуралар және өлшемдер	
ОМ4_68	В сұрағына - Тең қабырғалы үшбұрыш 12-4-8-12, 1-5-9-1, 2-6-10-2 немесе 3-7-11-3 бойымен салынған (12-4-8-12-ге арналған 12-4-8-ді қоса. Дәл осы ақпаратты беретін сөйлемді қоса алғанда). С сұрағына -12, 2, 4, 6, 8, 10, 12 сандары біріктірілген немесе 1, 3, 5, 7, 9, 11, 1 сандары біріктірілген.
ОМ4_69	В
ОМ4_70	С
ОМ4_71	В

Мәліметтерді визуализациялау	
ОМ4_72	D
ОМ4_73	Жүзу, өйткені ол 15 минут Қарлығаштан кейін болды / 25 минут Бибігүлден кейін болды / ең соңғысы болды / ең баяу. Велосипедте жүру, ол Бибігүлді басып озды және Қарлығаштан қатты артта қалған жоқ немесе осы жауаптың баламасы. Жүгіру, өйткені ол басып озды және өз нәтижелерін жақсартта алады, ол велосипедте жүру мен жүзуден гөрі көбірек ұпай жинады немесе осының баламасы.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



Егер оқушылар қазіргі әлемде өзі тұратын әлем туралы саналы шешім қабылдай алатын азаматтар болғысы келсе, олар үшін жаратылыстану-ғылыми түсінікті дамыту маңызды мәнге ие. Күн сайын үлкен ақпарат ағынымен және фактілерді ойдан алынған ақпараттардан ажырата білуі және маңызды әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемалардың ғылыми негіздерін түсінумен бетпе-бет келеді. Егер олардың қажетті қаражаты болса, ол мүмкін. Бастауыш сынып оқушылары әлемге және ондағы өз орнына қарапайым қызығушылық танытады. Сондықтан, олар жаратылыстануды ерте жастан зерттей бастауы керек, әсіресе, олар өз денсаулығы мен тамақтануын жақсарту үшін осы білімді пайдалана бастауы мүмкін. Жаратылыстану түсінігі, олар ересек адамға айналғанда және әр түрлі жағдайларға тап болғанда (мысалы, ауруларды емдеу, климаттың өзгеруі және технологияларды қолдану), олар берік ғылыми негізде әрекет ете алатындай барлық оқу кезеңі бойы қалыптасуы тиіс.

Бүкіл әлемде экономикалық өсу мен өмір сүру сапасын арттыру үшін қажетті инновациялар мен жаңалық ашатындарды ынталандыратын ғылым, технологиялар және инженерия саласындағы білікті мамандарға деген сұраныс өсуде. Бұл сұранысты қанағаттандыру үшін осы салаларда озық білім алуға оқушылардың едәуір санын дайындау аса маңызды мәнге ие.

Бұл бөлімде TIMSS-2015 циклынан 4-сынып үшін бағалау шеңберінің сипаттамасы және жаратылыстану бойынша тапсырмаларының мысалдары берілген. TIMSS-2019 циклының тест тапсырмалары цикл аяқтағаннан кейін, шамамен 2021 жылы қол жетімді болады.

4-сынып үшін TIMSS-2015 зерттеуіндегі жаратылыстану бағалау шеңберіне сәйкес, жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасы екі өлшеммен анықталады:

- Мазмұнды саланы бағалау
- Танымдық саланы бағалау

Жаратылыстанудың мазмұнды салалары

Төртінші және сегізінші сыныптар үшін жаратылыстанудың мазмұнды салалары әр сыныптағы бағыттың сипаттамасы мен күрделілігін көрсете отырып ерекшеленеді. Осылайша, төртінші сыныпта сегізінші сыныпқа қарағанда биологияға көп көңіл бөлінеді.

Сегізінші сыныпта физика және химия жеке мазмұнды салалар ретінде бағаланады және төртінші сыныпқа қарағанда көп көңіл бөлінеді, онда олар бірыңғай сала ретінде бағаланады (физика). Үш танымдық салалар екі сыныпта да бірдей және ғылыми тұжырымдамаларды зерттеумен байланысты, сондай-ақ осы білімді қолдану мен негіздеудегі танымдық үдерістердің ауқымын қамтиды.

Жаратылыстану математика сияқты «Өмір туралы ғылым», «Физика» және «Жер туралы ғылым» сияқты үш мазмұнды сала бойынша бағаланады (2.1-кесте). Жаратылыстану бойынша әрбір мазмұнды сала тақырыптық бөлімдерден тұрады, ал әр бөлім өз

кезегінде бірнеше тақырыпты қамтиды. TIMSS-2019-дың бағалау шеңберінде TIMSS-2015-ге ұқсас мазмұнды салалар пайдаланатынын атап өткен жөн.⁶

2.1-кесте. TIMSS-2015-те жаратылыстанудың мазмұнды салаларының мақсатты пайыздық көрсеткіштері

Мазмұнды сала	Пайыздық арақатынас
Өмір туралы ғылым	45%
Физика	35%
Жер туралы ғылым	20%

Дереккөз: Exhibit 8-ден Jones, L.R-ге бейімделген, Wheeler, G., & Centurino, V.A.S. (2013). TIMSS 2015 science framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Өмір туралы ғылым

Төртінші сыныпта өмір туралы ғылым оқушыларға өзінің табиғи қызығушылығын пайдалануға және қоршаған әлемді түсінуге мүмкіндік береді. Өмір туралы ғылым бес тақырыптық бөлімнен тұрады:

- Организмдердің сипаттамалары мен өмірлік процестері;
- Өмірлік циклдер, көбею және тұқым қуалаушылық;
- Организмдер, қоршаған орта және олардың өзара әрекеттесуі;
- Экожүйелер;
- Адам денсаулығы.

Өмір туралы ғылым: организмдердің сипаттамалары мен өмірлік процестері

1. Тірі организмдерге өмір сүру үшін қажет тірі организмдер мен өлі табиғат объектілері арасындағы айырмашылықтар:
 - А. Тірі организмдер мен өлі табиғат объектілері арасындағы айырмашылықтарды тану және сипаттау (Барлық тірі организмдер көбейеді, өседі, дамиды, тітіркендіргіштерге жауап береді және өледі; табиғат объектілерінің реакциялары болмайды).
 - Б. Тірі организмдерге өмір сүру үшін не қажет екенін анықтау (Олар өмір сүретін қоршаған ортада, оларға ауа, тамақ, су қажет).
2. Тірі организмдердің негізгі топтарының физикалық және мінез-құлықтық сипаттамалары:
 - А. Тірі организмдердің келесі негізгі топтарын ажырататын физикалық және мінез-құлық сипаттамаларын салыстыру және сәйкестендіру: жәндіктер, құстар, сүтқоректілер, балықтар және гүлдейтін өсімдіктер.

⁶ Centurino, V.A.S. & Jones, L.R. (2017). TIMSS 2019 science framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2019 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center: [http сайтынан алынған://timssandpirls.bc.edu/timss2019/frameworks/](http://timssandpirls.bc.edu/timss2019/frameworks/)

- Б. Тірі организмдердің келесі негізгі топтарына жататын тірі организмдерді анықтау немесе мысалдар келтіру: жәндіктер, құстар, сүтқоректілер, балықтар және гүлдейтін өсімдіктер.
- В. Омыртқалы жануарлар тобын омыртқасыз жануарлар топтарынан ажырату.
- 3. Тірі организмдердегі негізгі құрылымдардың функциялары:
 - А. Жануарлардың негізгі құрылымын олардың функцияларымен салыстыру (тістер тамақты ұнтақтайды, асқазан тамақты сіңіреді, сүйектер ағзаны қолдайды, өкпе ауаны сіңіреді, ал жүрек қанды айналдырады).
 - Б. Өсімдіктердің негізгі құрылымын олардың функцияларымен салыстыру (тамырлар суды сіңіреді және өсімдікті бекітеді, жапырақтар өсуге ықпал етеді, сабақ су мен тамақты көтереді, жапырақтар тозандатқыштарды тартады, гүлдер тұқымнан өседі, ал тұқымдардан жаңа өсімдіктер өседі).
- 4. Қоршаған орта жағдайына тірі табиғаттың реакциясы:
 - А. Өсімдікке су мен күн сәулесінің жетіспеушілігінің әсерін сипаттау.
 - Б. Әр түрлі жануарлар жоғары және төмен температураға және олардың қауіптілігіне қалай әсер ететінін сипаттау.
 - В. Адам ағзасының физикалық ауырпалықтарына, сондай-ақ жоғары және төмен температураларға реакциясын сипаттау.

Өмір туралы ғылым: өмірлік циклдар, көбею және тұқым қуалаушылық

- 1. Өмір циклдерінің кезеңдері және өсімдіктер мен жануарлардың өмір циклдары арасындағы айырмашылықтар:
 - А. Өсімдіктер мен жануарлар өмірлік циклдардың әр түрлі сатыларынан өткеніне қарай өз пішінін өзгертетінін білу; өсімдіктер мен жануарлардың өмірлік циклдарының жалпы кезеңдерін анықтау (туу, өсу және даму, көбею және өлу).
 - Б. Өсімдіктердің өмірлік циклдарының кезеңдерін анықтау (өнуі, өсуі және дамуы, көбеюі және жойылуы, сондай-ақ тұқымдардың таралуы).
 - В. Ағаштар, бұршақтар, адамдар, бақалар мен көбелектер сияқты өсімдіктер мен жануарлардың өмірлік циклдарын тану, салыстыру және сәйкестендіру.
- 2. Тұқым қуалау және көбею стратегиясы:
 - А. Өсімдіктер мен жануарлар өз түрлерін жалғастыру үшін көбейтілетіндігін және ата-аналарға өте ұқсас дарақтармен ұрпақтарды өндіретінін білу; дарақтардың кейбір ерекшеліктері қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің нәтижесі екенін білу және түсіндіру, мысалы, өсімдіктің биіктігі ол алатын күн сәулесімен байланысты, жас жануардың салмағы аз, себебі ол жеткілікті тамақ жемейді.
 - Б. Ата-анасынан мұра ретінде қалған кейбір қасиеттері тірі табиғатқа тіршілік етуге ықпал ететінін білу және түсіндіру, мысалы, өсімдіктерге құрғақ климатта тірі қалуға көмектесетін кейбір өсімдіктердің жапырақтарындағы балауыз жабыны немесе жыртқыштардан жасырынуға көмектесетін жануардың бояуы.

- В. Тірі қалған дарақтардың санын арттыратын түрлі қасиеттерді анықтау және сипаттау, мысалы, көп тұқым өндіретін өсімдіктер немесе жас дарақтарды күтетін сүтқоректілер.

Өмір туралы ғылым: ағзалар, қоршаған орта және олардың өзара әрекеттесуі

1. Қоршаған ортада өмір сүруге көмектесетін тірі ағзалардың физикалық ерекшеліктері немесе мінез-құлқы:
 - А. Өсімдіктер мен жануарлардың физикалық ерекшеліктерін олар тұратын қоршаған ортамен байланыстыру, мысалы: сабан және тікенектер құрғақ ортада өмір сүретін өсімдікке тиесілі суда немесе құрғақта тұратын жануарға тиесілі жіңішке аяқтар.
 - Б. Жануарлар мен өсімдіктердің мінез-құлқы немесе физикалық сипаттамалары мысалдарын, және олар белгілі бір жағдайларда қалай өмір сүруге көмектесетіндігін анықтау немесе сипаттау, мысалы: тамақ жеткіліксіз болған кезде жануарға тірі қалуға көмектесетін ұйқы немесе өсімдік суда өмір сүруге көмектесетін терең тамыр.

Өмір туралы ғылым: экожүйелер

1. Өсімдіктер мен жануарлар энергияны қалай алады:
 - А. Барлық өсімдіктер мен жануарлар өмір сүру үшін энергияны қамтамасыз ету үшін тағамға және өсу және қалпына келтіру үшін шикізатқа мұқтаж екенін білу.
 - Б. Өсімдіктерге қоректік заттарды өндіру үшін күн сәулесі қажет екенін, ал жануарлар өсімдікті немесе басқа жануарларды тамақ үшін жейтінін түсіндіру.
2. Қарапайым азық-түлік тізбегіндегі бірізділік:
 - А. Орман немесе шөл сияқты қоғамдастықтан өсімдіктер мен жануарларды пайдалана отырып, қарапайым тағам тізбегінің моделін құру.
 - Б. Қарапайым тағам тізбегінің әрбір буынындағы тірі организмдердің рөлін сипаттау, (өсімдіктер өз қоректік заттарын шығарады, жануарлар өсімдіктерді жейді, кейбір жануарлар өсімдіктермен қоректенетін жануарларды жейді).
3. Қауымдастықтағы тірі организмдер арасындағы өзара іс-қимыл:
 - А. Жыртқыш пен құрбанның арасындағы қарым-қатынасты сипаттап, жыртқыш-пайда түрін анықтау.
 - Б. Тірі организмдер қауымдастығында кейбір тірі организмдер тамақ немесе кеңістік үшін басқалармен бәсекелестік болатынын білу және түсіндіру.
4. Адамның қоршаған ортаға әсері:
 - А. Ластанудың алдын алу немесе азайту тәсілдерін қоса алғанда, адамның мінез-құлқы қоршаған ортаға оң және теріс әсер ететінін түсіндіру.
 - Б. Ластанудың адамдарға, өсімдіктерге, жануарларға және қоршаған ортаға әсерінің жалпы сипаттамасы мен мысалдарын ұсыну.

Өмір туралы ғылым: адам денсаулығы

1. Жұқпалы аурулардың берілуі, белгілері және алдын алу:
 - А. Сезу, түшкіру, жөтел сияқты жұқпалы аурулардың белгілерін анықтау.
 - Б. Дене қызуы, жөтел және іштің ауыруы сияқты аурудың жалпы белгілерін тану.
 - В. Жұқпалы аурулардың таралуының алдын алудың кейбір әдістерін анықтау немесе түсіндіру, оның ішінде, қолды жуу және науқастардан қашықтықты сақтау.
2. Денсаулықты жақсы сақтау тәсілдері:
 - А. Дұрыс тамақтану, тұрақты физикалық жаттығулар, қолды жуу, тіс тазалау, жеткілікті ұйқы немесе күннен қорғайтын крем қолдану сияқты жақсы денсаулыққа ықпал ететін күнделікті мінез-құлықты сипаттау.
 - Б. Жеміс-жидектер, көкөністер немесе дәнді дақылдар сияқты дұрыс тамақтануға қосылған жалпы тамақ көздерін анықтау.

Физика

4-сыныпта физиканы оқу кезінде оқушылар күнделікті өмірде бақылайтын қанша физикалық құбылыстарды білетінін, физика тұжырымдамалар түсінігі көмегімен түсіндіруге болады. Физиканың тақырыптық бөлімдерінің қатарына мыналар жатады:

- Материяның жіктелуі мен қасиеттері және заттағы өзгерістер;
- Энергия түрлері және энергия беру;
- Күш пен қозғалыс.

Төртінші сынып оқушылары материяның физикалық жай-күйі туралы, сондай-ақ, материяның жай-күйі мен формасындағы жалпы өзгерістер түсінігін қалыптастыруы тиіс. Бұл негізгі мектепте химия мен физиканы оқыту негізін қамтамасыз етеді. Бұл деңгейде оқушылар энергияның бастапқы түрлері мен көздерін, олардың тәжірибеде қолданылуын білуі, сондай-ақ жарық, дыбыс, электр және магнетизм туралы негізгі ұғымдарды түсінуі қажет. Күштер мен қимылдарды зерттеу күш түсінігін көрсетеді, өйткені олар оқушылар бақылай алатын қозғалыстармен байланысты, мысалы: ауырлық күшінің әсері немесе серпімділік және тартушы күштер.

Физика: заттардың жіктелуі мен қасиеттері және заттардағы өзгерістер

1. Заттың күйі және әрбір күйге тән айырмашылықтары:
 - А. Заттың үш күйін анықтау (қатты, сұйық және газ тәрізді).
 - Б. Қатты затты белгілі бір түрі мен көлемі бар ретінде, сұйықтықты белгілі бір көлемі бар, бірақ белгілі бір нысаны жоқ ретінде, және газды, не белгілі бір нысаны, не көлемі жоқ ретінде сипаттау.
2. Заттардың жіктелуінің негізі ретінде физикалық қасиеттері:
 - А. Физикалық қасиеттері негізінде объектілер мен материалдарды салыстыру және сұрыптау (заттың салмағы / массасы, көлемі, күйі, жылу немесе электр өткізгіштік қабілеті, сондай-ақ, объектінің суда жүзгіштігі немесе су ағуы).

- Б. Металдардың қасиеттерін анықтау (электр өткізетін, жылу өткізуші) және осы қасиеттерді металдарды пайдаланумен байланыстыру.
- В. Қоспалардың мысалдарын сипаттау және оларды физикалық тұрғыдан қалай бөлуге болатынын түсіндіру (елеу, сүзу, булану немесе магнитті тарту арқылы).
- 3. Магнитті тарту және серпіліс:
 - А. Магниттердің солтүстік және оңтүстік полюстері бар екенін және полюстерге тән, олар серпіледі, ал қарама-қарсы полюстер тартылатынын білу.
 - Б. Магниттер кейбір басқа материалдарды немесе заттарды тарту үшін пайдаланылуы мүмкін екенін білу.
- 4. Күнделікті өмірде байқалатын физикалық өзгерістер:
 - А. Қызып немесе салқындағанда материя бір күйден екіншісіне ауыса алатынын білу.
 - Б. Судың күйіндегі өзгерістерді сипаттау (еру, қату, қайнау, булану және конденсация) және осы өзгерістерді температураның өзгерістерімен салыстыру.
 - В. Судың белгілі бір көлемінде материалды еріту жылдамдығын арттыру тәсілдерін сипаттау (температура, араластыру және беттің ауданы); екі ерітіндінің концентрациясын ерітілген заттың немесе еріткіштің әртүрлі көлемдерімен салыстыру.
- 5. Күнделікті өмірде бақыланатын химиялық өзгерістер:
 - А. Әр түрлі қасиеттері бар жаңа материалдар жасайтын материалдардағы байқалатын өзгерістерді анықтау (ыдырау, күйдіру, тот және пісіру).

Физика: энергия түрлері және энергияны беру

- 1. Энергияны пайдаланудың жалпы көздері мен түрлері:
 - А. Күн, ағымдағы су, жел, көмір, мұнай және газ сияқты энергия көздерін анықтау және энергия объектілерді ауыстыру үшін, сондай-ақ жылыту және жарықтандыру үшін қажет екенін түсіну.
- 2. Күнделікті өмірде жарық пен дыбыс:
 - А. Таныс физикалық құбылыстарды (көлеңкелер, шағылыстар және кемпіркосақтар) жарықтың шағылысымен байланыстыру.
 - Б. Дыбыс шығаратын діріл объектілерін тану.
- 3. Жылу беру:
 - А. Объектінің жылынуы оның температурасын жоғарылата алады және ыстық объектілер суық объектілерді жылытуы мүмкін екенін білу.
 - Б. Жылуды оңай өткізетін кең таралған материалдардың мысалдарын анықтау.
- 4. Электр және қарапайым электр жүйелері:
 - А. Электр энергиясын жүргізетін объектілер мен материалдарды анықтау.
 - Б. Электр тізбегі жарық пен дыбыс сияқты энергияның басқа түрлеріне түрлендірілуі мүмкін екенін білу.
 - В. Фонарь сияқты қарапайым электр жүйелері толық (үздіксіз) электр тогын талап ететінін түсіндіру.

Физика: күш және қозғалыс

1. Объектілердің күштері мен қозғалысы:
 - А. Объектілерді жерге тартатын күш ретінде гравитацияны анықтау.
 - Б. Күштер (серпіліс және тартылыс) нысанды өз қозғалысын өзгертуге мәжбүрлеуі мүмкін екенін анықтау және әр түрлі күштердің бір және қарама-қарсы бағытта, нысанда әрекет ететін әсерін салыстыру.

Жер туралы ғылым

Жер туралы ғылым - бұл Күн жүйесіндегі Жерді және оның орнын зерттейтін бағыт. Төртінші сыныпта оқушылар күнделікті өмірде байқай алатын құбылыстар мен процестерді зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Барлық елдерге қолданылатын жер туралы ғылым жөніндегі оқу бағдарламасы туралы бірыңғай түсінік жоқ болса да, үш тақырыптық бөлім, әдетте, төртінші сынып оқушылары үшін ғаламшарды және оның Күн жүйесіндегі орнын түсіну үшін маңызды болып саналады:

- Жер құрылымы, физикалық сипаттамалары мен ресурстары;
- Жер процесстері және тарихы;
- Күн жүйесіндегі жер.

Бастауыш сынып оқушыларының жер бетінің құрылымы мен физикалық сипаттамалары туралы, сондай-ақ Жердің маңызды ресурстарын пайдалану туралы жалпы түсініктері болуы тиіс. Төртінші сыныпта оқушылар күнделікті өмірде байқай алатын құбылыстар мен процестерді зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылар сондай-ақ жердегі кейбір процестерді байқалатын өзгерістер тұрғысынан сипаттай білуі және мұндай өзгерістердің қандай мерзімде болатынын түсінуі қажет. Сондай-ақ жер мен аспандағы өзгерістерді бақылау негізінде Күн жүйесіндегі жер орнының белгілі бір түсінігін көрсету қажет.

Жер туралы ғылым: Жер құрылымы, физикалық сипаттамалары мен ресурстары

1. Жер жүйесінің физикалық сипаттамалары:
 - А. Жердің беті тең емес пропорциядағы жер мен судан құралатынын білу (жерге қарағанда су көп) және ауамен қоршалған; тұщы және тұзды су қай жерде екенін сипаттау.
 - Б. Жел мен су жердің ландшафтын өзгертетінін білу.
2. Жер ресурстарын пайдалану:
 - А. Күнделікті өмірде пайдаланылатын су, жел, топырақ, орман, мұнай, табиғи газ және минералдар сияқты кейбір жер ресурстарын анықтау.
 - Б. Жер ресурстарын жауапты пайдаланудың маңыздылығын түсіндіру.
 - В. Таулар, жазықтар, шөлдер, өзендер, көлдер мен мұхиттар сияқты жер ландшафтының ерекшеліктері, жер шаруашылығы, суармалы және жерді игеру сияқты адамның қызметіне қалай әсер ететінін түсіндіру.

Жер туралы ғылым: жер процесстері мен тарихы

2. Жер бетіндегі және ауадағы су:
 - А. Өзендерде немесе бұлақтарда судың таудан мұхитқа немесе көлге ағатынын білу.
 - Б. Судың ауаға түсетінін және бұлт пен шықтың пайда болуы, шұңқырлардың булануы және дымқыл киімнің кебуі сияқты кең таралған жағдайларда судың шығатынын білу.
3. Жердегі күнделікті, маусымдық және тарихи процестер:
 - А. Ауа-райының (температура, ылғалдылық, жаңбыр немесе қар, бұлттар және жел түрінде жауын-шашын) географиялық жағдайға байланысты қалай өзгеруі мүмкін екенін сипаттау.
 - Б. Температура мен жауын-шашынның маусымға байланысты қалай өзгеруі мүмкін және осы өзгерістер орналасқан жеріне байланысты қалай өзгертіндігін сипаттау.
 - В. Ертеде өмір сүрген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір сүйектері (қатандығы) жартастарда екенін білу және осы сүйектердің орналасуынан жер бетінің өзгеруі туралы қарапайым қорытынды жасау.

Жер туралы ғылым: Күн жүйесіндегі жер

1. Күн жүйесіндегі объектілер және олардың қозғалысы:
 - А. Күн жүйесі үшін жылу мен жарық көзі ретінде күнді анықтау; Күн жүйесін күн ретінде және күнді айналатын планеталар тобын (жерді қоса алғанда) сипаттау.
 - Б. Ай Жердің айналасында айналатынын білу және жерден қарағанда ол айдың әр уақытында әр түрлі көрінеді.
2. Жердің қозғалысы және онымен байланысты жерде байқалатын заңдылықтар:
 - А. Күн мен түн Жердің өз осінің айналасында күн сайын айналуымен қалай байланысты екенін түсіндіру, және күні бойы көлеңкелердің сыртқы түрінің өзгеруіне байланысты осы айнарудың дәлелдерін ұсыну.
 - Б. Солтүстік және оңтүстік жарты шардағы жыл мезгілдерінің Күн айналасындағы жердің жыл сайынғы қозғалысымен қалай байланысты екенін түсіндіру.

Жаратылыстанудың танымдық саласы

TIMSS-2019-дағы жаратылыстану-ғылыми дайындықты бағалау танымдық бағыттар аясында да жүргізілді - «Білім», «Қолдану» және «Ойлау».

«Білім» саласындағы тапсырмалар оқушылардың фактілер, қатынастар, үдерістер, концепциялар және жабдықтар туралы білімдерін бағалайды. Мысалы, нақты организмдердің, материалдар мен процестердің сипаттамалары мен қасиеттерін анықтау; ғылыми жабдықтар мен әрекеттердің тиісті мақсатты пайдаланылуын анықтау, сондай-ақ ғылыми терминологияны, символдарды, аббревиатураларды тану және пайдалану. Сондай-ақ, белгілі бір берілген сипаттамаларға ие организмдердің,

материалдар мен процестердің мысалдарын келтіре немесе анықтай білуі тиіс; фактілер мен ұғымдардың тиісті мысалдармен баяндалуын нақтылай білуі қажет.

«Қолдану» саласындағы тапсырмалар оқушылардан организмдер, материалдар немесе процестер топтары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауды немесе сипаттауды талап етеді. Оқушылар қандай да бір мәселенің шешімін түсіндіру үшін схеманы немесе модельді пайдалануы керек және тиісті мәтіндік, кестелік, суреттер мен графикалық ақпаратты түсіндіру үшін ғылыми ұғымдарды білуі тиіс.

«Ойлау» саласындағы тапсырмалар оқушылардың пікір таластарға қатысуын, мәліметтерді және басқа ақпаратты талдай отырып, қорытынды жасауын, сондай-ақ жаңа жағдайларда өз түсінігін қолдануын талап етеді. Ойлау тапсырмалары бейтаныс немесе күрделі контексті қамтиды. Осы саладағы тест тапсырмаларын орындау кезінде оқушылар сұрақтарға жауап беру және тапсырмаларды орындау үшін тиісті ақпаратты талдау және пайдалану білігін көрсетуі тиіс. Сондай-ақ, олар бақылаулар, эксперименттер негізінде тиісті қорытынды жасай білуі керек.

2.2-кесте. TIMSS-2015-дегі жаратылыстанудың танымдық салаларының мақсатты көрсеткіштері

Танымдық сала	Пайыздық арақатынас
Білім	40%
Қолдану	40%
Ойлау	20%

Дереккөз: Exhibit 10-дан Jones, L.R-ге бейімделген., Wheeler, G., & Centurino, V.A.S. (2013). TIMSS 2015 science framework. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*.

Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған:

<https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Білім

Бөлімде оқушылардың фактілер, қатынастар, процестер, концепциялар мен жабдықтар туралы білімі бағаланады. Нақты және ауқымды нақты білімдер оқушыларға ғылыми мақсатқа қажетті күрделі танымдық іс-әрекеттерге табысты қатысуға мүмкіндік береді.

2.3-кесте. «Білім» танымдық саласының сипаттамасы

Еске салу/тану	Фактілерді анықтау және дәлелдеу, қатынастар мен ұғымдар; нақты организмдердің сипаттарын немесе қасиеттерін анықтау, материалдар мен процестер; ғылыми жабдықтар мен рәсімдерді қолданудың тиісті салаларын анықтау, сондай-ақ, ғылыми лексиканы, символдарды, аббревиатураларды, өлшем бірліктерін және шкалаларды тану және пайдалану.
----------------	---

Сипаттау	Организмдер мен материалдардың қасиеттерінің, құрылымдары мен функцияларының сипаттамасын, сондай-ақ ағзалар, материалдар, процестер мен құбылыстар арасындағы қатынастар сипаттау немесе анықтау.
Мысалдар келтіру	Белгілі бір сипаттамаларға ие организмдердің, материалдар мен процестердің мысалдарын келтіру немесе сәйкестендіру; тиісті мысалдар арқылы фактілерді немесе тұжырымдамаларды бекітуді нақтылау.

Дереккөз: Jones L.R-дан 55-беттегі кестеден бейімделген, Gerald Wheeler, and Victoria A.S. Centurino (2013). *TIMSS 2015 science framework*. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Қолдану

Бұл бөлімде оқушылардан ғылымды оқыту және зерттеу процесінде таныс болуы мүмкін контексттердегі фактілер, қатынастар, процестер, тұжырымдамалар, жабдықтар және әдістер туралы білімді қолдану талап етіледі.

2.4-кесте. «Қолдану» танымдық саланың сипаттамасы

Салыстыру/жіктеу	Организмдер, материалдар немесе процестер топтары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау немесе сипаттау; сондай-ақ, берілген сипаттамалар мен қасиеттер негізінде жекелеген объектілерді, материалдарды, организмдер мен процестерді ажырату, жіктеу немесе сұрыптау.
Салыстыру	Іргелі ғылыми тұжырымдаманың білімін бақылатын немесе болжанатын қасиетімен, мінез-құлқымен немесе объектілерді, организмдерді немесе материалдарды пайдаланумен сәйкестендіру.
Модельдерді пайдалану	Ғылыми тұжырымдамаларды білу үшін диаграммаларды немесе басқа да модельдерді пайдалану, технологиялық циклдың немесе жүйенің өзара байланысын бейнелеу немесе ғылыми тапсырмалардың шешімін табу.
Ақпаратты түсіндіру	Тиісті мәтіндік, кестелік, пиктографиялық және графикалық ақпаратты интерпретациялау үшін ғылыми тұжырымдамаларды қолдану.

Түсіндіру

Ғылыми тұжырымдаманы немесе принципін пайдалана отырып, табиғи құбылысты бақылау үшін түсіндірмелерді анықтау.

Дереккөз: Jones L.R-ға 56-беттегі кестеден бейімделген., Gerald Wheeler, and Victoria A.S. Centurino (2013). *TIMSS 2015 science framework*. In I.V.S. Mullis and M.O. Martin (Eds.). *TIMSS 2015 assessment frameworks*. Boston College, TIMSS & PIRLS International Study Center сайтынан алынған: <https://timssandpirls.bc.edu/timss2015/frameworks.html>

Ойлау

